Сыр бойы

№136-137
(20410-20411)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 қыркүйек, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

3 Біржолғы утиль алым: Мәселені түбегейлі шешуге не кедергі?

5 Өркениет көшінде өнер бағалы

6 Жазмыш қана



8 Трилогия: Головкин-Канелло

ПРЕЗИДЕНТ

Халық қаһарманын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіровті қабылдады.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшесі Тоқтар Әубәкіровпен кездесіп, Халық қаһарманы қоғамдық мәселелерге, соның ішінде ғылым саласына қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Кездесуде Тоқтар Әубәкіров Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көтерілген бастамалар мен елдегі реформалар жөнінде пікірін айтып, өз қолдауын білдірді.

Ұлыбритания елшілігіне барды

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы Ұлыбритания елшілігіне барды.

Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігінде II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Королі III Карлға анасы II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Король III Карлдың, корольдік отбасы мен барлық британдықтардың қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

Президент елді 70 жыл бойы басқарған II Елизавета Патшайымның аса көрнекті көшбасшы, ұлы британ халқының бірлігі мен табандылығының символы болғанын атап өтті.

– Оның даналыққа, мейірімге және жігерге толы басшылығы Біріккен Корольдіктің одан да тұрақты, алуан түрлі және өркендеген қоғам құру жолында қарқынды дамуына өз септігін тигізді. Ол халықаралық қауіпсіздік пен орнықты дамуды нығайтуға бағытталған күш-жігерді ілгерілетуде көшбасшы болды. Оның тектілігі, қадір-қасиеті мен орасан зор жетістігі әлемдегі миллиондаған адамды жігерлендіре түсетініне, ал мол мұрасы өскелең ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталатынына сенімдімін, – деп жазылған Қазақстан Президентінің жеделхатында.

Мемлекет басшысы ірі бизнес өкілдерімен кездесті

Кеше Мелекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізді.

Президент мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктің рөлін талқылау бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

– Қазақстан халқына Жолдауымда экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты – бүкіл еліміздің әл-ауқатын сапалы және инклюзивті түрде жақсарту ісі өзгермейтінін ерекше атап өттім. Бұл мақсатқа еркін әрі тиімді нарықтық экономика құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мемлекеттің экономикадағы жетекші рөлі, әсіресе мемлекеттің бизнес ісіне араласуы келмеске кетеді және солай болуға тиіс. Мемлекеттің міндеті – заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдау көрсету, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ, экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасатынын айтты.

– Бәсекелестік жағдайы теңестіріледі. Енді қандай да бір тұлғаға басымдықтар берілмейді. Мемлекеттік аппараттағы байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлыққа қарамастан, Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесті дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіруге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесті қолдаудан бас тартпайды. Керісінше, біз, ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар шешім қабылданатынын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбегейлі қайта қаралады.

– 2024 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады. Бұл – менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесті артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сатып алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент салалық саясатын, оның ішінде агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс саласын, көлік-логистика секторын дамытуға қатысты әдістерді қайта қарау маңызды деп санайды.

– Біздің алдымызда биліктің, қоғам мен бизнестің күшін біріктіру арқылы ғана орындауға болатын орасан зор міндет тұр. Оған қоса, 21 қаңтарда өткен кездесу барысында мен айтқан мемлекет пен бизнестің өзара іс-әрекет қағидаттары өзгермейтінін тағы да нақтылаймын. Естеріңізге сала кетейін, бұл – адал бәсекелестік, қабылданатын шешімдердің ашықтығы, мемлекеттік саясаттың болжамдылығы, бизнестің салыққа адалдығы, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ірі бизнес өкілдерін қоғамды толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуде шет қалмауға шақырды.

– Адами капиталға, атап айтқанда, заманауи балабақшалар, жайлы мектептер, ауруханалар, іргелі университеттер салуға, туризмді дамытуға инвестиция құю да маңызды. Сіздер қайырымдылық істер жасауды жалғастыра беретіндеріңізге сенімдіміз. Қазір елімізде мектептердің, студенттер жатақханаларының, жастарға арналған спорт ғимараттарының тапшылығы сезіледі. Сіздердің көмектеріңіз ел үшін елеулі болар еді, – деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы билік пен бизнес арасындағы конструктивті диалогты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

САРАП

«Ерекше» балалар білім алудан шектелмесе...

Тумысынан тағдырдың теперішіне ұшыраған балалар екі есе қолдауды қажет етеді. Оларға «ерекше» жандар деп көңіл бөлгенімізбен, бәрі бір қажетті деңгейде емес секілді. Айталық, мемлекеттік оқу гранты көпбалалы отбасынан шыққандар үшін 5 пайыз болса, мүмкіндігі шектеулі балаларға ол әлі 1 пайыз күйінде қалып отыр. Заңгер-журналист, 1-топ мүгедегі Зәуре Өксікбаеваның айтуынша, 11-сыныпты бітірген мүмкіндігі шектеулі түлектің аттестатында «химия, орыс тілі оқылмады, алгебра, геометриядан, денешынықтыру сабағынан босатылған» деген жазу болса, ол мемлекеттік грант конкурсына қатыстырылмайды.

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

– Бұл мәселені көтеріп келгеніме біраз уақыт болды. Өткен жылы мен Арайлым деген қыздың И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжіне түсуіне ықпал еттім. Жан-жаққа шығып, министрлікке дейін хабарласып, оқуға талпынып отырған сіңліме көмектескен едім. Арайлымның 11-сыныпты бітірген аттестатында кейбір пәндерден босатылған деген жазу болғандықтан, оның құжаттарын грантқа қабылдамады. Біз Серікхан Жүзеев екеуміз бірлесіп, әлеуметтік желіге посттар салып, тікелей эфирге шығып айттық. Нәтижесінде бұл қыз осы колледжде қазір екінші курста оқып жатыр. Тағы бір айтарым, үйден білім алатын баланың ата-анасына мектеп «химия, геометрия, алгебра, тағы басқа ауыр сабақтардан босатылған» деген жазуды жаздырмауы керек. Мейлі ол үшпен оқи ма, тіпті түсінбесе де аттестатқа «босатылған» деген жазуды жаздыртпауы тиіс. Мектеп әкімшілігі немесе сынып жетекшісі оны баланың ата-анасына ескерткені жөн. Әйтпесе алдағы уақытта кедергілерге кездеседі. Мәселен, мен №217 мектепте үй жағдайында білім алдым. Менің сынып жетекшім кейбір ауыр пәндерден босатылған деп жаздырмауымды талап етті. Өйткені, алдағы уақытта мемлекеттік гранттан қағылатынымды айтып, ескертті. Соның арқасында мен облыс әкімінің грантын жеңіп алдым. Қазір заңгер-кеңесші және журналист деген екі мамандықты игердім. Алайда жұмысқа орналасайын десем, маған ең төменгі жалақыны ұсынады. Ол жүріп-тұруыма жетпейді. Сондықтан қазір үйдемін. Бірақ, қоғамдық мәселелерден шет қалмаймын, өз үнімді жеткізіп, пікір білдіріп жүремін,– дейді ол.

4-бет

ЖӘРМЕҢКЕ

Сырдың сыйы – Сарыарқаға

Бүгін және ертең, яғни, 10-11 қыркүйек күндері Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана Арена» спорт кешенінің жанында Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді. Бұл туралы күні кеше Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің баспасөз орталығында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев мәлімдеме жасады.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша ұйымдастырылатын жәрмеңке бұл жолы да өзіндік сәнсалтанатымен ерекшеленбек.

Жәрмеңкеде аймақта өндірілетін өнімдерді қолдау мақсатында арнайы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылады.

Көрмеге Сырдың дара дақылы – күріш, әйгілі қауынқарбызы, Арал теңізінің теңдессіз балығы мен өзге де жергілікті өнімдер қойылады.

Жәрмеңкенің дәстүрлі жарастығына сай қызылордалық өнерпаздар ән-жырдан шашу шашпақ.

Бұдан бөлек, облыс тарапынан қайырымдылық қоры аясында жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік себеттері таратылады.

Жалпы жәрмеңкеде 70-ке жуық Сыр дикандары және кәсіпорын иелері тарапынан 50 жүк автокөлігімен құны 200 млн теңгені құрайтын 500 тоннадан астам өнім ұсынылады.

Айта кетейік, биыл облыста барлығы 188,5 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде дәнді дақылдар 91,7 мың гектар, майлы дақылдар 5,9 мың гектар, малазықтық дақылдар 71,3 мың гектарды, картоп, көкөніс, бақша 19,6 мың гектарды құрайды. Осы жылы Сыр дикандары 78,6 мың гектар күріш екті. Қазір басты дақылды ысырапсыз жинап алудың қызу қарекеті жүріп жатыр.

«СБ» ақпарат

Жекелеген азаматтарды қабылдады

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібіне сай азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға 10 азамат келіп, өз мәселесін жеткізді. Басым бөлігі әлеуметтік салаға қатысты. Қаланың шет аймағында тұратын I топ мүгедектігі бар азаматша үйіндегі газ пешінің жарамсыз болуынан тұрғын үйінің салқын, тұруға мүмкіншілігі болмайтынын жеткізіп, жаңадан газ пешін алуға ықпал етуді сұрады. Сондай-ақ, балалар ойнайтын алаңның жоқтығын тілге тиек етті.

Облыс әкімі алда жылу маусымы басталатындығын ескеріп, қала әкіміне демеушілер көмегімен, пеш қондырғысын алу қажеттігін айтты. Ал, биыл қалада 50-ге тарта ойын алаңдары салынады. Сондықтан шет аймақтарды да қамту мәселесі назардан тыс қалмайды.

67 жастағы жалғызбасты қала тұрғыны Евгения Настас тұрғын үйін жөндеуге көмек сұрады. Жұмыссыз ретінде зейнетке шыққан ол небәрі 27 мың теңге зейнетақы алады. Бұл жағдайдың да жай-жапсарын бағамдаған аймақ басшысы қала әкіміне үйді көріп, қайырымдылық қорлары есебінен көмек беруді үйлестіру қажет деді.

Бейбітшілік көшесі тұрғындары атынан келген Маржангүл есімді азаматша тұрғын үйін абаттандыру, жертөлені жөндеу өзекті мәселе екенін айтып, жылу, электр желілерінің жағдайына мән беруді сұрады. Бұл бойынша да қала әкіміне мәселені пысықтап, тиісті деңгейде жұмыстарды қолға алу тапсырылды. Сондай-ақ, қала тұрғыны Индира Турбашова сол жағалаудағы өзі тұратын тұрғын үйдің жертөлесінен жағымсыз иіс шығып, қолқаны қабатынын мәселе етіп көтерді. Мәселені шешу жолы қарастырылатын болады.

Қабылдауда жұмысқа орналастыру, жер телімін алу, баласының денсаулық жағдайына қатысты тегін ем алу проблемалары да айтылды. Облыс әкімі әрбір мәселені мұқият қарап, заң аясында пысықтау қажет екенін жеткізді.

Қазақтың ұлттық киімдерін тігетін 35 жастағы жалғызбасты ана Жәудір Ахметова кәсібін кеңейту үшін бос тұрған ғимараттарды пайдалану бойынша көмек сұрады. Бұл ретте аймақ басшысы кәсібін жандандыруға ниетті азаматтарды қолдау қажет екенін, жауапты басқарма басшысының орынбасарына заң аясында талдау жүргізіп, нақты ұсыныс енгізу қажеттігін жүктеді. Сондай-ақ, қайтарымсыз грант алған азаматтардың жұмысына бақылау жүргізіп, олардың кәсібінің орта жолдан тоқтап қалмауын қадағалауды тапсырды.

Осы уақытқа дейін облыс басшысы 18 жеке қабылдау өткізіп, 155 азаматтың мәселесін саралады. Көтерілген әрбір мәселе әртүрлі шешімді қажет етеді. Қабылдау барысында айтылған тапсырмалар белгіленген мерзімде орындалады. Мәселелер әкімнің тұрақты бақылауында.

Айта кетейік, облыс әкіміне жазылу үшін азаматтар egov.kz порталы арқылы, e-otinish бірыңғай базасы мен жазбаша нысанда әкімдікке келіп өтініш тастай алады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Кәсіпкерлікті қорғау – басты міндетіміз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіпкерлікті өркендетуге мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілетіні айтылды.

Халықтың еңсесін, елдің экономикасын көтеру мақсатында «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгерту үшін барлығына бірдей мүмкіндік берілетіні және осы мақсатта нақты реформалардың қабылданатынын жеткізді.

Жолдауда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін кәсіпкерлерді қолдайтын нақты қадамдар және оларды қорғайтын заңнамаларды жетілдіру мақсатында тиісті жұмыстар басталып кетті.

Өткен сәрсенбіде облыс әкімі Н.Нәлібаев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары Т.Нақыпбеков және өзімнің қатысуыммен ашық форматта жергілікті бизнес өкілдерімен кездесу өтті.

Бұл жерде бизнес пен жергілікті билік арасында кәсіпкерлердің проблемалық мәселелерін шешу және аймақ бизнесін дамыту бойынша сөз қозғалды. Бірнеше сағатқа созылған кездесуде кәсіпкерлер жоғары белсенділік танытып, ауыл шаруашылығы, туризм, білім беру, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс және Байқоңыр қаласында босаған ғимараттарды заңды түрде пайдалану бойынша көкейдегі сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Бизнес өкілдері тарапынан көтерілген барлық мәселе бойынша тиісті мемлекеттік органдарға арнайы тапсырмалар беріліп, міндеттемелері айқындалды.

Кәсіпкерлерді алаңдататын ең басты мәселелердің бірі – негізсіз жауапкершілікке тартылу жағдайы.

Осы орайда Президент Жолдауынан кейін ҚР Бас прокуроры Б.Асылов 2 қыркүйек күні адал бизнесті қылмыстық орбитаға тарту фактілерін азайту мақсатында барлық қылмыстық құдалау органдарына кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерулерді тіркеу тәртібін қатаң регламенттейтін Нұсқау жолдады. Осы кездесуде кәсіпкерлер алдында арнайы баяндама жасап, оның орындалу шарттарымен таныстырдым.

Аталған Нұсқаудың маңызды тұстары мынадай сипатқа ие.

Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласу немесе заңды қызметіне кедергі келтірудің әрбір дерегі бойынша кінәлі адамның жауаптылығын дереу шешу көзделді.

Алдағы уақытта келесі жағдайларда кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық істі тіркеуге жол берілмейді:

1. Екі тараптың арасында қаралып жатқан азаматтық-құқықтық даулары бар бұзушылықтар болса;

2. Шағымдану мерзімі өтпеген аудит, ревизия, тексеріс актілері бойынша;

3. Мердігер алған пайда орындалған жұмыстың сапасына теріс әсер еткені туралы нақты деректер айқындалған қорытындылар бойынша;

4. Уәкілетті органның актілерінде нақты қылмыстың белгілері туралы жеткілікті мәліметтері болмаған жағдайда;

5. Кәсіпкерлік субъектісімен заңсыз алынған кіріс немесе шығын туралы формальді белгілері бар маманның қорытындылары бойынша.

Одан басқа кәсіпкерлерге қатысты тіркелген қылмыстық істі тіркеудің негізділігі мен заңдылығы 24 сағат ішінде қадағалаушы прокурормен тексерілетін болады.

Сотпен санкцияланған жасырын тергеу әрекеттерінің негізділігі мен заңдылығы 48 сағат ішінде тексеріледі.

Прокурорлар кәсіпкерлерге қатысты тіркелген қылмыстық істің ақылға қонымды тергеп-тексеру мерзімдерін айқындайды.

Бұдан бөлек, кәсіпкерлерді алаңдататын тағы бір мәселе – мемлекеттік аудит қорытындысы негізінде қылмыстық істің қозғалуы. Осыны қылмыстық іс ретінде тіркеуге тыйым салу туралы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде Бас прокуратураға ұсыныстар берілді.

Бұған басты себептің бірі ретінде, мемлекеттік аудит қорытындысының негізсіздігі себеп болуда.

Нақтыласақ, қолданыстағы заңнама бойынша қылмыстық істі тіркеуге негіз болатын мемлекеттік аудит қорытындысы мердігердің (кәсіпкердің) қатысуынсыз жүргізуге мүмкіндік береді. Кейіннен істі тергеу кезінде мердігермен ұсынылған қосымша уәждер мен құжаттар аудитордың тұжырымдарын жоққа шығарады немесе келтірілген залалдың мөлшерін төмендетеді. Салдарынан кәсіпкерлердің қылмыстық құдалау орбитасына негізсіз тартылуына әкеп соғады. Осылайша Президент Жолдауында көрсетілген кәсіпкерлік бағытты дамыту мақсатында мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, ерекше қолдау көрсетілуде.

Баршамызға белгілі жаһандық пандемия салдарынан кәсіпкерлік саласы қиын кезеңді бастан өткізді. Сондықтан әркез кәсіпкер құқығын қорғау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Осы тұрғыда, кәсіпкерлікті қорғау саласында «Атамекен» және бизнес қауымдастығымен тығыз диалог орнатылып, бірлескен Жол картасы бекітілді. Жол картасында кәсіпкерлікті дамытудың маңызды тұстары айқындалып, бекітілген іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалуда.

Жүйелік сипатқа ие болған проблемалық мәселелерді шешу мақсатында палата және мемлекеттік органдармен бірлесіп, барлық аудандардың бизнес қауымдастығымен кездесулер ұйымдастырылды. Осы жылы аймақ прокурорларының араласуымен 1600-ден астам кәсіпкерлердің бұзылған құқықтары қорғалды.

Мысалы, Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасымен құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру кезінде кәсіпкерлерге заңсыз талаптар қойылып отырғаны анықталып, заңбұзушылықтар жойылды.

Дәл осылай мемлекеттік сатып алу саласына, жергілікті атқарушы органдар мен жерлерді табыстау кезіне, бизнеске кері әсер ететін мемлекеттік органдардың актілеріне тексеру жүргіздік. Нәтижесінде Жер кодексінің талаптары сақталмайтыны анықталып, біздің прокурорлық ықпал ету актісімен 104 кәсіпкердің құқығы қорғалды.

Мысалы, Қазалы ауданында Жер кодексінің талаптары бұзылып отырып, коммерциялық мақсаттағы жерлерді пайдалануды 3 жылға берудің орнына, тек 1 жылға табыстап отырған. Осы тектес мысалдар жетерлік.

Ендігі кезекте аграрлық саладағы кәсіпкерлерге субсидия бөлу барысында заңдылықтың сақталуы қадағалануда.

Президент биылғы наурыз айындағы Жолдауында мемлекеттік органдар кәсіпкерлікке заңсыз араласса, бизнесмендердің жұмысына кедергі келтірсе, мемлекетке қарсы жасалған ауыр қылмыс ретінде бағаланатынын ескертті. Осы мақсатта кәсіпкерлерді қылмыс орбитасына заңсыз тартуды болдырмау бағытындағы жұмыстар прокуратура органдарының қатаң бақылауына алынып, жүйелі іс-шаралар жүргізілуде.

Жалпы, қорыта айтқанда мемлекеттік органдар тарапынан әкімшілік қысым және өзге де заңсыз араласу жағдайы орын алса бизнес өкілдері прокуратураға және кәсіпкерлер палатасына жүгінулеріне болады. Президент Жолдауында айтылған кәсіпкерлер құқығын қорғау және тұрақты қолдау жұмыстары прокуратура органдарының үнемі басты назарында болатынын жеткізгім келеді. Қызылорда облысы бойынша кәсіпкерлеріміз арыз-шағымдарын 115 жедел желісі арқылы хабарлауға немесе +7(7242) 27-77-47, +77089235847 нөмері арқылы арнайы бекітілген мамандарға қоңырау шалуға және 7242307@prokuror.kz, prokuratura.kyzylorda@list.ru электронды поштаға жолдауларына болады.

Нұрлан БИЖАНОВ, Қызылорда облысының прокуроры

AMANAT

«TALQYLAU» ТАҚЫРЫБЫ – ЖОЛДАУ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «TALQILAU» диалог алаңында ашық пікірталас өтті. Онда Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында айтылған өзекті мәселелер сөз болды.

Басқосуға партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, партия филиалы жанындағы «Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту» бағытындағы «Miras» аймақтық қоғамдық кеңесінің төрағасы, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберлиев, «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы, облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Сәрсенкүл Биқожа спикер ретінде қатысты. Олар экономикалық даму мен саяси реформаларды талқыға салды.

– Жолдауда Президент жаңа Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадамдарға тоқталды. Елімізді одан әрі дамыту үшін негізгі 5 бағытты атап өтті. Сонымен қатар экономикалық-әлеуметтік дамудың тетіктері мен жасалатын нақты істерді баяндады. Жаңа Қазақстанды құру мен жаңғырту жолында партияға да айрықша жауапкершілік пен үлкен міндеттер жүктеледі. Бұған дейін де маңызды жобалар жүзеге асырып, елмен бірге қиындықтарды еңсердік. Көшбасшы партия ретінде барлық саланың мәселесін елеусіз қалдырмадық. Партия әрі қарай да Мемлекет басшысының барлық бастамаларын толық қолдайды және оларды іске асыруға белсенді қатысады, – деді Л.Төрешова.

Басқосуға қатысқан түрлі сала мамандары да ойларын ортаға салып, сұрақтар қойды.

Айта кету керек, «TALQYLAU» диалог алаңын құру бастамасы «AMANAT» партиясының 1 наурызда өткен кезектен тыс съезінде партиялық трансформация бағдарламасы тармақтарының бірі ретінде көтерілген болатын.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

Шиеліде берекелі шаруа бар

Бейсенбіде өңірлік коммуникациялар қызметінде Шиелі ауданының әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен брифинг өтіп, онда жыл басынан бері ауданда атқарылған жұмыстар, алдағы міндеттер сараланды.

Sb Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Аудандық бюджет кірістерінің 2022 жылға жалпы жоспары 22 млрд 957,5 млн теңге болып бекітілсе, 1 қыркүйекте жоспар 13 млрд 854,6 млн теңгеге немесе 108,8%-ға орындалған. 3623 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланса, 8 айдың қорытындысында 2175 жаңа жұмыс орны құрылған немесе 60%-ға орындалған.

– Жеті айдың қорытындысы бойынша ауданның барлық макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсу тенденциясы қалыптасты. Мәселен, өнеркәсіп өнімін өндіру 108,6%-ға, өңдеу өнеркәсібі 107,2%-ға, ауыл шаруашылығы өнімі 1,7, сауда айналымы 3,9, құрылыс жұмыстарының көлемі 42,6, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 5,8%-ға артса, инвестиция тарту 13,2%-ға ұлғайды, – дейді аудан әкімі.

Есепті мерзімде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны – 5564. Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны 5265-ті құрап, былтырғы кезеңмен салыстырғанда 102,6%-ға артқан. Биыл 25 млрд теңге инвестиция тарту межесі бекітіліп, 7 айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 8 млрд 547 млн теңгені құраған.

– Шиелі кентінің шығыс жағынан индустриалық аймаққа 96 гектар жер беріліп, 2 млрд 865 млн теңгеге толықтай инфрақұрылым жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 487,5 млн теңге бюджет қаражаты есебінен жүргізілсе, қалған 2 млрд 377,5 млн теңге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында жүзеге асырылды. Бүгінде индустриалық аймақтың 96 гектар жер телімінің 90 гектарына жобалық құны 70,6 млрд теңгені құрайтын 18 жобаға жер телімі бөлініп, оның ішінде 5 жоба іске қосылды. Жобалар толықтай жүзеге асырылған кезде 533 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады. 7 айда индустриалық аймақта жұмыс істеп тұрған 4 жоба арқылы 14 млрд 710 млн теңгенің өнімі өндірілді, – деп атап айтты Нұржан Сәбитұлы.

Биыл барлығы 30,1 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Аудан әкімінің айтуынша, жыл басында негізгі дақыл – күріштің межесі 8500 гектар болған. Облыс әкімінің қолдауымен 12000 гектар егу мүмкіндігі берілді. Дегенмен де шаруа қожалықтары вегетация кезеңінде су тапшылығына байланысты тәуекелдің алдын алып, барлығы 10750 гектар жерге екті.

– Азық-түлік қауіпсіздігін, тұрғындардың өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, басқа да бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге қатысты шаруашылық құрылымдары тарапынан ауыл тұрғындары үшін егіс алқаптарынан қосымша дайындалған 81,1 гектар жер көлемі 350 отбасыға бөлініп беріліп, бүгінде оның 12,1 гектарына картоп, 35,5 гектарына көкөніс, 33,5 гектарына бақша дақылдары егіліп, өнімдері жиналуда. Қазіргі баға тұрақсыздығының алдын алу, халықтың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға ерекше маңыз берілуде, – деді аудан әкімі.

Құрылыс, сәулет саласы бойынша облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жалпы құны 15,9 млрд теңге болатын 65 жоба ұсынылды. Оның ішінде 31 жоба қысқа мерзімді, 24 жоба орта мерзімді, 10 жоба ұзақ мерзімге белгіленген. Сонымен бірге, 7,3 млрд теңге болатын бірінші кезекте қажетті 30 жоба іріктеліп, жоба-сметалық құжаттары демеушілер есебінен дайындалды. Тұрғындарды баспанамен қамту мақсатында «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында Шиелі кентіндегі 18 пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысының жұмыстары жүруде.

– Бүгінде Шиелі кенті және Ы.Жақаев, Бидайкөл, Байсын, Н.Бекежанов, Ақмая, Алғабас және Ш.Қодаманов ауылдары, яғни, аудан халқының 60%-ы «көгілдір отын» пайдалануда. Жалпы құны 1 млрд 62 млн теңге болатын Еңбекші, Жиделіарық, Бестам, Ақтоған елді мекендерін газбен қамтамасыз ету бойынша жобалар тиісті министрліктерге тапсырылды. Ал Алмалы, Телікөл ауылдық округтерінің жоба-сметалық құжаттары сараптама қарауында. Болжамды құны 1,3 млрд теңгені құрайды. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен құрылысшылар мерекесі қарсаңында құны 2,1 млрд теңгені құрайтын «Мұстафа Шоқай» автоматты газ реттегіш станциясының құрылысын бастадық. Тартоғай, Майлытоғай ауылдарының ішкі газ желісінің жоба-сметалық құжаттары дайындалуда. Жоғарыда аталған жобалар іске асқан жағдайда аудан халқының 85%-ы газбен қамтылатын болады, – деп атап өтті Нұржан Ахатов.

Аудан бойынша сапалы ауызсумен 34 елді мекеннің 88%-ы, 84 мыңнан аса тұрғынның 98%-ы қамтамасыз етілген. Оның ішінде, орталықтандырылған ауызсу жүйесімен 23 елді мекен, жергілікті су көздері (скважина) арқылы 7 елді мекен қамтылған. Ауызсу «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі арқылы берілуде. Ақтам, Қызылқайың және Қосүйеңкі елді мекендерін ауызсумен қамтамасыз ету жобасы сараптама қарауына ұсынылса, келер жылға Жуантөбе және Лесхоз (Ызалы) елді мекендеріне су тұшытқыштар орнатуға қажетті 34 млн 456 мың теңгеге өтінім облыстық бюджеттен қаралуға тапсырылған.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің басымдығын негізге ала отырып, жыл басынан бері 15 адамнан жалпы көлемі 7520 гектар жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылған.

– Ауданда Еңбекші, Жаңатұрмыс, Ақтоған ауылдық округтерінде егістік және жайылымдық жер мәселелері бар. Туындаған мәселелерге қатысты түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Атап, айтқанда Еңбекші ауылдық округіндегі орналасқан көлемі 500 гектар жайылымдық жер учаскесі жыл соңына дейін елді мекеннің жайылымына қайтарылатын болады. Ең бастысы, егін егуге, мал жайылымына жағдай жасалып отыр, – деді аудан басшысы.

«Балалар жылы» аясында да ауданда бірқатар іс-шаралар өткізіліп, жұмыстар атқарылған. Мәселен, 19 іс-шара ұйымдастырылса, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес демеушілер есебінен 5 балалар ойын алаңын салу үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде. Үшеуі аудан орталығында, екеуі Бәйтерек және Жаңатұрмыс ауылдық округтерінде салынатын болады.

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

БІРЖОЛҒЫ УТИЛЬ АЛЫМ:
Мәселені түбегейлі шешуге не кедергі?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Болашақта автокөліктерді әкелудің барлық заңсыз арналарына тосқауыл қою үшін шешуші шаралар қабылдау қажет», – деді.

Сонымен қатар, Президент биыл 1 қыркүйекке дейін әкелінген көліктерге қатысты жағдайды реттеу қажетін айтып, оларды заңдастыру үшін 200-250 мың теңгеден аспайтын мөлшерде кәдеге жарату және бастапқы тіркеу үшін біржолғы алым алуды ұсынды.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Президенттің кәдеге жарату алымына қатысты бұған дейінгі тапсырмасы тек мамыр айының ортасында жүзеге асқан болатын. Рас, бұл шара іздеуде жоқ, сондай-ақ кедендік ресімдеуден өткен көліктерге ғана әсер етеді. Айта кетерлігі, бұдан былай оң жақ рульді көлікті заңдастыру мүмкін болмайды. 2008 жылдан бері Қазақстанға мұндай көліктерді әкелуге және пайдалануға тыйым салынған. Біржолғы утиль алымына енетін автокөлік иелерінің санатын нақты белгілейтін егжей-тегжейлі механизм әлі жасалған жоқ.

Дегенмен, тарифтерді төмендетумен шектелмей, жалпы автокөліктерді қайта өңдеу жұмысын толығымен қайта қарастыру да өте өзекті мәселе болып отыр. Себебі, кәдеге жарату алымы, аты айтып тұрғандай, экологиялық төлем. Дегенмен, бұл төлем елімізде ескі көліктерді кәдеге жарату емес, жергілікті автоөнеркәсіпті қорғау үшін енгізілді. Жергілікті автоөндірушілерден жиналған ақша оларға өтемақы түрінде қайтарылады. Ал, төлем мөлшерлемесінің жоғары болуы елге көлік әкелудегі кедергілердің біріне айналды.

Жалпы, елімізде ескі автокөліктерді жинап, қайта өңдеу қолға алына бастады. Қайта өңдеу жұмыстарының сапасына қатысты да кемшіліктер көп. Бағдарлама жүзеге асырылған бес жыл ішінде елімізде барлығы 200 мыңнан астам көлік утилизацияға жіберілген. Ресми статистикаға сүйенсек, еліміздің автопаркінде әлі де 20 жылдан асқан 2 миллионға жуық көлік бар. Көлік иелері үшін ескі көлікті өңдеуге бергеннен, жамап-жасқап, сату оңайырақ.

Еліміздегі кәдеге жарату алымы салыстырмалы түрде бірқатар ТМД елдерімен шамалас. Бірақ Еуропалық Одақ аумағында, сондай-ақ Жапониядағы автокөліктерді қайта өңдеумен салыстырғанда айырмашылығы жер мен көктей.

Айталық, Қазақстандағыдай, Ресей мен Беларусь елдерінде кәдеге жарату алымы тозған автомобильдерді жою бағдарламасын қаржыландыру құралы ғана емес, сонымен қатар жергілікті өндірісті қорғауға қызмет етеді. Ресейде утиль алымының негізгі мөлшерлемесі 20 000 рубльді құрайды. Қозғалтқыш көлемі мен көліктің шыққан жылына байланысты ол төлем едәуір көбейеді. Беларусьте қозғалтқыш көлемінен басқа, утиль алымы мөлшері автомобильдің 3 жылға дейін, 3 жылдан 7 жылға дейін және 7 жылдан жоғары болуына қарай үш санат бойынша белгіленеді. Ресейдегідей, Беларусь заңнамасында ЕАЭО елдерінен де, алыс шетелдерден де жеке пайдалануға арналған автокөліктерді әкелетін жеке тұлғалар үшін мүлдем басқа тарифтер қолданылады. Өзбекстанда кәдеге жарату төлемі 2020 жылдың 1 тамызында пайда болды.

Ресей, Беларусь және Өзбекстанда тарифтер көліктің жылына және қозғалтқыш көлеміне байланысты 250-3,5 млн теңге аралығында.

Ал, Еуропалық Одақта кәдеге жарату алымына қатысты барлық мәселе Еуропалық директивамен реттеледі. Еуропа елдерінің едәуір бөлігінде ескі автокөліктерді қабылдау пункттерінің желісін құруға автокөлік өндірушілер мен ірі импорттаушылар тікелей жауапты. Ешқандай арнайы мемлекеттік алымдар жоқ.

Автоөндірушілер өздерінің қайта өңдеу орталықтарын құрады немесе тәуелсіз компаниялармен келісім жасайды. Ескі көлігін утилизацияға өткізгендер ештеңе төлемейді. Тіпті, кейбір жағдайларда қолма-қол ақшамен 150 еуроға жуық сыйақы алады. Мысалы, Германия, Франция және Ұлыбританияда қайта өңдеу осы қағидаға сәйкес ұйымдастырылған.

Еуропалық Одақта қайта өңдеу үшін ақы алатын Норвегия, Нидерланды сияқты елдер де бар. Бірақ ондағы тарифтерді еліміздегімен салыстырғанда өте арзан. Норвегияда жеңіл автокөліктерді сатып алушылар болашақта кәдеге жарату үшін тіркеу жарнасының бөлігі ретінде 2400 крон немесе 119 мың теңге төлейді. Бұл ретте ел билігі 3000 крон сомасында, немесе 148 мың теңге көлік иесіне төлемді қайтарып береді. Яғни, егер көлікті бірінші иесі өңдеуге жіберген болса, соңында ол өзі төлегеннен де көп сомада ақша алады. Нидерландыда кез келген жаңа автокөлікті сатып алу үшін бір реттік төлем де бар. Оның мөлшері бар болғаны 30 еуро немесе 14,8 мың теңге.

Жапонияда автокөліктерді қайта өңдеу саласындағы заңнама 2002 жылы пайда болып, 2005 жылдан бастап күшіне енді. Оған сәйкес кез келген жаңа автокөлікті сатып алу кезінде кәдеге жарату алымы қоса төленеді. Оның мөлшері 7000-нан 18000 иенге дейін немесе 26000-нан 69000 теңгеге дейін.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі автокөлік өндірушілерінің кеңейтілген міндеттемелерін қолдану тәсілі бірқатар басқа елдерде қолданылатыннан айтарлықтай ерекшеленеді. Егер елімізде кәдеге жарату алымының негізгі мақсаты – жергілікті кәсіпорындарды қорғау және дамытумен бірге импортты шектеу болса, Еуропада автокөлік қалдықтарынан құтылу және қайта өңдеу бірінші орында тұр.

Тәсілдердің айырмашылығы әбден түсінікті. Егер Қазақстанда ескі көліктерге кәдеге жарату алымы және қымбат бастапқы тіркеу түріндегі шектеулер енгізілмегенде, АҚШ, Корея және БАӘ-ден келетін көліктерден бөлек, Ресейден де ескі автокөлік ағылар еді. Ал, отандық өндірістің импортпен бәсекелесуге мүмкіндігі жоқ.

Бұл арада көліктерді қайта өңдеу мен жергілікті өндірушілерді қолдау деген мәселенің ара-жігін айқындап алған абзал. Зауыттар мен нарықты басқа әдістермен қорғау керек. Мысалы, Еуропалық Одақта ескі көлікті иелену тиімсіз. Елімізге әкелінетін көліктердің сапасын да сондай басқа жолдармен бақылауға болады.

Тәуелсіз сарапшылар біржолғы утиль алымын жақсы идеядан гөрі кезекті мәжбүрліктен жасалған жеңілдік деген пікірде. Бүгінде жаңа көлік сатып алуды екінің бірінің қалтасы көтермейді. Сонымен қатар кәдеге жарату алымы мен бастапқы тіркеу түріндегі шектеулер бар. Салдарынан не автопаркті жаңартуға, не қазақстандықтардың қалаған көлігін сатып алуына мүмкіндік болмай отыр.

Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы үш жылда 2 мыңнан астам заңсыз көлік құралы тіркеліпті. Соңғы жылдары Грузия, Моңғолия, Армения, Қырғызстан елдерінен көлік алып келу үрдіске айналды. Бұл ретте ең көп үлес Ресейге тиесілі. Салалық ведомство дерегі бойынша, ел аумағында ресейлік есептегі 200 мыңнан астам көлік жүр. Соның 80 мыңы – РФ есебінен шығарылған, тиісінше Қазақстан есебіне де қойылмаған.

Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауынша, 2019 жылдың басынан 2022 жылғы шілдеге дейін 121 829 автомобиль уақытша әкелу шартымен Қазақстан аумағына кіргізілген. Бұл былтыр ресми дилерлер сатқан көлік санынан сәл көп. Комитет ЕАЭО-ға мүше емес елден келетін көлік шетелдік тауар деп саналатынын әрі ол кедендік бақылаудан өтетінін мәлімдеді. Демек, оларды тиісті төлемдерді толық төлеп, кедендік рәсімдеуден өткен соң ғана Қазақстанда пайдалануға болады. Мұндай көліктердің елде уақытша жүру мерзімі бір жыл ғана, одан кейін көлік Қазақстан аумағынан шығуы керек.

Мемлекет басшысы мәселеге қаңтар оқиғасынан кейін де назар аударған. Дегенмен, біржолғы жеңілдік жасау уақытша шешім ғана. Ал, заң бәріне бірдей болуға тиіс. Автокөлік сатып алу кезіндегі бұл орасан зор шығындар бүгін пайда болған жоқ. Бірақ мәселенің түпкілікті шешімі әлі табылмай отыр. Айталық, қазақстандықтар жартылай заңдастырылған көлікті көптеп сатып алады, кейін көлік иелері шектеулерге наразылық білдіріп, жеңілдіктер басталады. Яғни, біреу 2 миллион теңге утиль алымын төледі, ал басқа 20-30 мың автокөлік жүргізушілері енді 200-250 мың теңге төлейді. Мұндай заң тұрғысынан қауіпті үрдісті тұрғындар басқаша қабылдауы мүмкін.

Елімізде 2016 жылы «Оператор РОП» ЖШС барлық қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, өңдеуді және кәдеге жаратуды бастады. Кәсіпорын Үкімет қаулысымен монополияға айналып, барлық көлік өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып анықталды. Дегенмен, қаңтар оқиғасынан кейін кәдеге жарату алымына мемлекеттік ұйым жауапты болуы керек екені айтылды. Нәтижесінде «Оператор РОП» жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі «Жасыл Даму» АҚ-ға берілді. Соған қарамастан, жаңа автокөлік жүргізушілері ескі тарифтер бойынша утиль алымын төлеуге мәжбүр болды.

Ал, 14 мамырда тариф екі есеге жуық төмендеді. Бұрын қозғалтқышының көлемі бір литрден екі литрге дейінгі автокөлік үшін төлем 1 072 050 теңге болса, қазір 556 500 теңге. Мамырға дейін сатып алып, утиль алымын төлей алмаған көлік иелеріне жаңа тарифтер бойынша төлеуге мүмкіндік берілді. Сондай-ақ, ескі тариф бойынша утиль алымын төлеген көлік иелеріне артық ақша қайтарылды. Қайтарылған қаржы сомасы 250 миллион теңгеден асты.

Мемлекет кәдеге жарату алымынан түскен ақшаны бастапқы жарнасыз жылдық 4 пайызбен жеңілдетілген автонесиеге пайдалану туралы шешім қабылдады. Сәуір айының ортасында несиенің негізгі шарттары мәлім болды. Алғашында автонесиеге 1 мамырдан бастап өтінім беруге болатыны айтылған еді. Бірақ, өтінім қабылдау 16 мамырдан басталды. Бұған «Оператор РОП» шотындағы ақшаның бұғатталуы себеп болған. Жеңілдетілген автонесиеге барлығы 100 млрд теңге бөлінді.

Маусымның басында Халық банкі, Банк ЦентрКредит және Еуразиялық банк, «СарыаркаАвтоПром» ЖШС сататын «Chevrolet», «Kia», «JAC» және «Lada» көліктеріне несие беруді мақұлдауды тоқтатты. Оған себеп – өтінімдер бойынша лимиттің аяқталғаны болатын. Банктер несие бере бастау үшін екінші траншты күтті. 19 тамызда Индустриялық даму қоры Еуразиялық банкке соңғы траншты аударды. Үш күннен кейін қаржы институты «Hyundai Trans Kazakhstan компаниясынан автокөлік алуға несие өтінімдерін қабылдай бастады. 24 тамызда екінші транштың барлық 10 млрд теңгесі таусылды.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстандағы шетелдік көліктердің жағдайы өте қиын. Соңғы бірнеше жылда негізінен армян және ресейлік нөмірлі көлік жүргізушілері бірнеше рет наразылық акцияларын өткізіп, Президентке жазбаша үндеу де жолдаған.

Билік көлік иелерінің талабын ескеріп, 2020 жылдың басында Қазақстанға әкелінетін автокөліктерді уақытша тіркеуге бір ай уақыт берді. Бірақ ол кезде біржолғы утиль алымы болған жоқ. Содан кейін бұл бастама нәтиже бермеді. Енді тұрғындар 200-250 мың теңге көлеміндегі бір реттік төлем мүмкіндігін пайдаланады. Президент жариялаған мөлшерлеме бойынша шетелде тіркелген 200 мыңға жуық көлік заңдастырылса, ел бюджеті шамамен 40 миллиард теңгеге толығуы мүмкін.

Аудан жаңалықтары

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТТІ

АРАЛ

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов кезекті жеке қабылдауын өткізді. Онда аудан басшысы тұрғындардың өтініш-сұрақтарын тыңдады.

Қабылдауға келгендердің дені жұмысқа орналасу, баспанамен қамту мен коммуналдық қызмет көрсету салалары туралы мәселе қозғаса, кейбірі ономастикалық мәселер бойынша жүгінді. Айта кетейік, бүгінге дейін 150-ге жуық азамат аудан әкімі қабылдауына келген.

МАМАНМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ

ҚАЗАЛЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Германиядан келген логопед, тәжірибелі маман Ренате Гриссермен кездесіп, ой-пікір алмасты.

Кездесуде аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі «Рауан» инклюзивті білім беру орталығында өзінің тәжірибесін бөлісіп жатқан логопедке ризашылығын жеткізді. Ренате Гриссер мүмкіндігі шектеулі балалардың бойында кездесетін ерекшеліктерді, мінез-құлқындағы өзгерістерді атап, түзету жұмыстарын жүргізудің тиімді жолдарына да тоқталып өтті. Мұхтар Оразбаев шетелдік мейманға қасиетті Қазалы жерінен естелік сыйлық тарту етті.

«МІНДЕТ. АБЫРОЙ. ЕРЛІК»

ҚАРМАҚШЫ

«Qalqan» жобасы аясында «Міндет. Абырой. Ерлік» әскери-патриоттық форумы өтті.

Форумға Қармақшы аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы Рүстем Тұрғанов қатысты. Форум жұмысында арнайы спикерлер шақырылды. Олар әскери-патриоттық салада атқарылып жатқан жұмыстарының үздік нәтижелерін бөлісті.

Форум соңында әскери-патриоттық ойындары жеңімпаздары марапатталды.

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІНІҢ» ИГІЛІГІ

ЖАЛАҒАШ

Аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов пен Жасұлан Еспенбет Дәуімбай елді мекенінде демеушілер есебінен салынатын балалар ойын алаңдарына белгіленген жер телімдерін нақтылап, тұрғындар ұсыныстарын тыңдады.

Сонымен қатар, жұмыс барысында Жалағаш кенті орталығында құрылысы жүргізіліп жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешенінің жұмыс барысымен танысты. Кешен құрылысына республикалық бюджеттен «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 2021 жылы 271,8 млн теңге, 2022 жылы 199 млн теңге, барлығы 471,6 млн теңге қаржы бөлінді. Мердігер мекеме – «SCS Инжиниринг» ЖШС. Нысандар ағымдағы жылдың аяғына дейін толық пайдалуға берілетін болады.

БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛМАҚ

СЫРДАРИЯ

Ақиық ақын Асқар ауылында алғашқы орақ салу рәсімі өтті. «А.Тоқмағанбетов Жер» ЖШС диқандары егінге орақ салып, Сыр салысын шашпай-төкпей жинап алудың қамына кірісті.

Рәсімге аудан әкімі Мұрат Ергешбаев, ауыл ақсақалдары, шаруашылық төрағалары мен еңбеккерлер қатысты. Аудан басшысы сөз сөйлеп, науқандық жұмысты бастаған асқарлықтарға құттықтау лебізін жеткізді.

Шаруашылықта 54 адам жұмыспен қамтылып, биыл 500 гектар күріш егіліп, 170 гектар ескі жоңышқаны күтімге алды. Тек күріш егіп қана қоймай мал азықтық дақыл – жоңышқа да өндіріп келеді.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ТУРНИР

ШИЕЛІ

Ауданда «Шиелі» шекара бөлімі жеке құрамының ұйымдастыруымен қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы турнир өтті.

Сайысқа 10-11 жастағы 22-42 келі салмақ дәрежесіндегі ауданның 12 елді мекенінен және шекарашылардың балаларынан құралған командалары бар 250-ден астам спортшылар қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатына Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов, «Шиелі» шекара бөлімінің бастығы, подполковник Мейірбек Махатов, қазақ күресінен Әлем чемпионы Нұрым Сәлімгереев, қазақ күресінен Әлем чемпионы, «Қазақстан барысы 2022» Мақсат Исағабылов, қазақша күрестен Әлем кубогының чемпионы Бекжан Төлепов қатысты.

Жас палуандардың тартысты бәсекесінің жеңімпаздары медальдармен және арнайы дипломдармен марапатталды. Командалық есеп бойынша бірінші орында Бала би ауылының спортшылары иеленіп, арнайы кубок табысталды.

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ЖАҢАҚОРҒАН

Аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов жылу қазандықтары газ жүйесіне ауысып жатқан балабақшаларға барды.

Айта кету керек, ауданда 5 мемлекеттік балабақша бар. Оның біреуі, яғни «Балғын» балабақшасы «көгілдір отынға» қосылған. Ал «Ақбота», «Алпамыс», «Болашақ» және арнайы мемлекеттік балабақшада көмірмен жылитын қазандық тұрған. Енді жылу қазандықтары газ жүйесіне қосылуда. Бұл жұмыс жылу маусымына дейін толық аяқталып, пайдалануға беріледі. Бүгінде аудандағы барлық мектептер газбен жылытылады.

Дайындаған: **Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»**

БРИФИНГ

Жанкент қаласының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған көне тарихымыздың көмескі естеліктері көптеген ғылыми жаңалықтарға негіз болмақ. Айталық, бұған дейінгі деректерде Жанкент қаласының IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылып келсе, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын анықтады.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Жанкент жайында жаңа деректер

Тарихи-мәдени ескерткіш төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеулер жүргізіп жатыр. Білуімізше, қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер археологиялық зертханада өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне беріледі.

Осы тақырыпта өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ басшысы Ерқазы Алданазаров, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеев, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Аржанцева, Германиядағы Тюбинген университетінің профессоры, археология ғылымдарының докторы Генрих Харке Жанкент қаласының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының тарихи әрі ғылыми маңызы туралы әңгімеледі.

Облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі КММ басшысы Ерқазы Алданазаровтың айтуынша, облыс әкімінің қолдауымен Қазалы ауданы, Жанкент ауылының іргесінде орналасқан республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш – Жанкент қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу 2014 жылы басталған. Қалашықтағы қазба жұмыстары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығы, археолог, тарих ғылымдарының кандидаты Әзілхан Тәжекеевтің жетекшілігімен жүргізілуде.

Баяндамашылардың ақпаратынан археологиялық қазба жұмыстарының тың жаңалықтарға жол ашқанын байқадық. Айталық, әртүрлі тарихи кезеңдерге сәйкес келетін тұрғын үйлердің орны, маңызды құрылыс нысандары, қыш дайындап, құмыра күйдіретін пештер, кесенелер табылып, бірқатар нысандар консервацияланды. Бұдан бөлек, қыш құмыралар, сүйектен, қыштан дайындалған бұйымдар, тиындар, моншақтар, алтын жапсырмалар, керамикалық ыдыстар, глазурьленген қыш қаптамалар табылған. Сондай-ақ, қазба жұмыстары кезінде консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік жасалған.

– 2018-2019 жылдары және биыл қалашыққа Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы (Ресей федерациясы) этнология және антропология институты мен Тюбинген (Германия) университетінің әріптестігімен бірлескен үшжылдық жоба аясында (Германияның неміс гуманитарлық зерттеулер қорының қаржыландыруымен) археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Цитадельде, шахристандағы тұрғын үй орындары, геофизикалық зерттеулер, топырақ құрамын анықтау, аршылған нысандардың сызбасын сызу жұмыстары атқарылды.

Облыс аумағындағы ортағасырлық Жанкент қаласының орнында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары биыл да жалғасты. Зерттеушілер жаратылыстану ғылымдары әдістерін қолданып, Жанкенттің абсалюттік жасын анықтады. Бұған дейінгі деректерде көне қаланың IX-XI ғасырларда бой көтергені айтылса, жаңа зерттеулер шаһардың іргетасы VII ғасырда қаланғанын көрсетті. Тарихи-мәдени ескерткіш төрт жерден қазылып, археологтар заманауи инновациялық құрал-жабдықтардың көмегімен зерттеулер жүргізіліп жатыр. Қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер археологиялық зертханада өңделіп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне беріледі, – деді Әзілхан Тәжекеев.

Германиядағы Тюбинген университетінің профессоры, археология ғылымдарының докторы Генрих Харке Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында Орта Азияға қатысты тарихи-мәдени ескерткіштердің көп екенін атап өтті.

Келешекте мүмкіндік болса «Жетіасар мәдениетін», Қорқыт ата мұрасын зерттеуге қызығушылығы бар екенін жасырмады. Ал Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Аржанцева қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер ішінде ежелгі жануарлардың, үй жануарларының сүйектері бар екенін, алдағы уақытта осы жәдігерлерді тереңдете зерттеу арқылы басқа да ғылыми тұжырымдарға қол жеткізілетінін айтты. Сондай-ақ, ол экспедиция жұмысының барысында сол дәуірдегі керамика өндірісі, құрылыс саласының ерекшеліктері сынды тың тақырыптар экспедиция құрамындағы жас ғалымдардың ғылыми монографиялық еңбектеріне арқау болғанына тоқталды.

Жоба жетекшілері, шетелдік ғалымдар Жанкент қалашығының ғылыми-зерттеу нысаны ретінде әлеуеті зор екенін айтып, егер қаржылай қолдау болса, әрі қарай да бірлесе жұмыс атқаруға ынталы екендіктерін білдірді.

Айта кетейік, зерттеу жұмыстарына Тюбинген университетінің, Ресейдің Жоғары Экономика мектебінің, Мәскеу мемлекеттік университетінің және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері мен 35 ғалым қатысып жатыр.

«Ерекше» балалар білім алудан шектелмесе...

Жыл сайын ерекше балалардың саны артып баратынына мамандар алаңдаулы. Былтырғы мәлімет бойынша, елімізде олардың саны 161 мыңнан асады. Өкінішке қарай, бұл санаттағы балалардың саны жыл сайын өсуде. Облыста ерекше жаратылған 5546 бала бар. Тақырыпты зерттеу барысында №5 мектеп-интернатына арнайы ат басын тіредік. Қала орталығында бұрынғы қазақ-түрік лицейінің жатақхана ғимаратына орналасқан оқу орнының ауласы мұнтаздай тап-таза. Жөндеу жұмыстары жүргізілгені көрініп тұр. Мектеп-интернат директоры Жамбыл Ахметов ғимарат ішін аралатып, сынып ішіндегі балалардың жағдайымен таныстырды. Мұнда биылғы оқу жылында 74 бала тіркелген. Жыл аяғына дейін тағы келетіндер бар. Өйткені баланың денсаулық жағдайына байланысты ПМПК кабинетінің қорытындысымен жолдама беріледі. Мәселен, былтыр оқу жылының басында 66 болса, соңында 69-ға жеткен. Оқу орнының басшысы жыл сайын көз көру қабілеті бұзылған балалардың көбейіп келетінін айтады. Оған басты себеп, әрине – смартфон. Сонымен бірге тек бір ғана көз ауруы емес, оған қоса түрлі созылмалы аурулары бар, қосарланған диагноздағы балалар да көп. Ерекше балалармен жұмыс істеу үшін асқан шыдамдылық пен балаға деген ыстық махаббат керек.

Білім мекемесіне тағайындалғанына бір жылдай уақыт болған Жамбыл Ахметов бірнеше істі қолға алғанын айтты. Барлық кабинеттер соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған. Сыныпта әр оқушыға инклюзивті сабақ беріледі. Мектеп-интернат жанынан балалардың бос уақытын тиімді пайдалану әрі еңбекке баулу үшін жылыжай жұмысын бастап, жемісін беріпті. «Балалар жылы» аясында «Мажкен» спорттық-шығармашылық орталығы да ашылған. Әр бала жұлдыз демекші, бітіруші түлек Нұртілеу Пірназаров «ЖасStar music festival Art Kazakhstan» XII ашық республикалық шоу фестивалына қатысып, «Актерлік шеберлік» номинациясы бойынша бас жүлдені иеленіп, Нұр-Сұлтан қаласындағы өтілетін телевизиялық байқауға жолдама алыпты. Сонымен бірге мұндағы балалардың біразы жергілікті оқу орнында кәсіптік білім алуда екен. Мәселен, Исмоил Абдуғани «Орда» жоғары колледжіне «Әлеуметтік жұмыс», Ботагөз Абдраманова осы жоғары колледждің «Кітапхана ісі» мамандығында оқуда. Айя Асқар Шымкент қаласында «Аудармашы», Назарбек Жәлел Қызылорда қаласы медициналық колледжінде «Фельдшер», Лаура Мақсұт С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжіне «Сандық техника» мамандығына түсті. Ал, Ерасыл Сұлтанұлы Қызылорда қаласы медициналық колледжінде «Фельдшер» және Женаев Рысдәулет Қызылорда қаласы «Орда» жоғары колледжіне «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығына грантқа түскен. Сондай-ақ, Жалғас Бағдәулет Ы.Алтынсарин №10 мектеп-лицейінде 10-сыныпты жалғастыруда. Оқу орны үшін қуанышты жаңалық – Нұртілеу Пірназаровтың М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары педагогикалық колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиет» мамандығына Е.Тәтішев қорының грантына ие болуы. Ал Олжас Сақтапбергенов Қызылорда қаласы медициналық колледжіне «Фельдшер» мамандығын игеруде. Диас Бубешов Қызылорда қаласы №261 мектепте 10-сыныпты жалғастыруда. Біз мектеп-интернат директорынан мұндағы балалардың неліктен 11-сыныпты әрі қарай оқымайтынын сұраған едік. Оның айтуынша, мұндай интернаттар 9 жылдыққа арналған. Оқу бағдарламасы да 10-сыныпқа дейін қарастырылмаған. Бірақ алдағы уақытта 10-11-сыныпта оқытылуы жайлы мәселе қаралып жатқанынан хабардар болдық.

№5 мектеп-интернатының тыныс-тіршілігін көрген соң, №7 арнайы түзету мектеп-интернатына бардық. Бұл жерде ауыр диагноздағы балалар болғандықтан, мекеме ішін аралауға жүрек дауаламады. Директоры Перизат Алмашқызымен сөйлесіп, пікірлестік. Ол мұндай ерекше балалардың көбейіп келетінін жасырмады. Айталық, 2020 жылы 119, 2021 жылы 125 бала, 2022 оқу жылында 130 оқушы қабылданған. Мүмкіндіктерінің шектеулі екеніне қарамастан жетістіктерге жетіп, биіктерді бағындырып жүрген оқушылар жетерлік. Халықаралық «Алаш оқулары» орталығының ұйымдастыруымен өнерпаз оқушылар арасында қашықтан өткізілген «Көркем сөз» байқауынан Дамир Қошанов және Жангелді Жұматай бас жүлдені жеңіп алса, l-орынды Күнсұлу Бақытбекқызы иеленген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың арасында өткізілген «Шексіз шығармашылық» Республикалық байқаудың «Алтын қолдар» номинациясының I дәрежелі, Нұрлан Жарқынбек, Рамазан Сабанқұлов II дәрежелі дипломмен марапатталыпты. Тізе берсек, бірінен-бірі өнерлі балалар көп екен. Біз бастыларына тоқталдық. Мүмкіндігім шектеулі деп әрекетсіз отырған жоқ, оқушылардың барлығы белсенді.

Жалпы ерекше балалардың ата-анасы олардың басқа қалаға барып білім алуын қаламайды. Себебі айтпаса да түсінікті. Дені сау баланың өзін сыртқа жіберуге қорқасоқтайтындарға қарағанда, мұндай балалардың ата-аналары екі есе алаңдайтыны белгілі. Мәселен, №7 арнайы түзету мектеп-интернатын бітірген 17 түлектің барлығы жергілікті кәсіптік-техникалық колледждерге түсіп, білім алуда. Айталық, С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде 35 мүмкіндігі шектеулі студент бар. Олардың ішінде қимыл-қозғалыс аппараты бұзылған, көру, есту қабілеттері нашар, ақыл-ой дамуы тежелгендер бар. Колледж директоры Әлия Досмаханованың айтуынша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қашықтан оқуға мүмкіндік қарастырылған. Бұл бірақ ата-анасының өтініші негізінде жүзеге асады. Білім алушылар ішінде оқу бағдарламасын алып кетуге қиналатындар да кездеседі. Сондықтан бөлек бағдарламамен оқытылады.



– Жан басына шаққанда қаржыландыру ерекше білім беру қажеттілігі бар бала үшін екі есе берілуі тиіс. Өйткені, мұндай оқушылар үшін материалдық базаның сәйкес болуы маңызды. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі күйінде қалуда. Жалпы баланы қашықтан оқыту оның құқын шектегенмен тең. Кейбір ата-ана қашықтан оқытқысы келмей, баласына тьютор маман сұрайды. Ал ондай маманды ұстап тұруға қаржы қолбайлау болуда. Биыл қаржыландыруға байланысты мәселелер шешіледі деген үміт бар, – дейді колледж директоры.

Осы ретте мынадай деректерге тоқтала кетуді жөн көрдік. Жуырда өткен облыстық тамыз кеңесінде білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет баяндамасында облыста инклюзивті білім беруді дамыту мақсатындағы 2020-2022 жылдарға арналған арнайы Жол картасы сәтті іске асырылуда екенін, оған 4 млрд теңге қаржы қаралғанын айтқан болатын. Биыл қосымша мектептерден 28 инклюзивтік кабинет, 2 ресурстық орталық, 47 балабақшада логопункт ашылатынын да мәлімдеді. Осылай аймақта 77 білім беру ұйымында инклюзивтік білім алуға қолайлы жағдай жасалмақ. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 405 млн теңге қаржы бөлінгенін тілге тиек етті. Ерекше балалар үшін қажетті шаралар қолға алынып, қаржыландыру мәселесі оң шешімін табады деген ойдамыз. Себебі соңғы 5 жылда 15-тен астам нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізіліпті. Оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына жеке оқыту нормалары ескерілген. Арнайы мектептер мен колледждерге оқу бағдарламалары әзірленген. Балаларға уақытты созу, тапсырмаларды жеңілдету де қарастырылған. Сонымен қатар жан басына шаққандағы қаржыландыруда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру процесі шығысының нормасы екі еселенген.

Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын жалғыз арнаулы кәсіптік колледж барын да білдік. Білім ордасы Түркістан облысындағы Кентау қаласында орналасқан. Республиканың түкпір-түкпірінен келіп білім алатын ерекше күтімді қажет ететін жандар үшін бұл үлкен мүмкіндік. Мұнда оқу үшін бір ғана талап қойылады. Бала өз-өзіне қызмет көрсетіп, қоғамдық орында ұстамды болуы керек. Колледждің құжаттарды қабылдау бөлімінің маманы Айгүл Нұргелдиевамен телефон арқылы хабарласып, бір-екі ауыз тілдескен едік. Білгеніміздей, кәсіптік колледжде еліміздің түрлі облыстарынан 3 мамандықта 80 бала білім алуда. Мәселен, оқу орнын бітірген түлекке «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы», «Бухгалтер-кассир», «Арнайы тігінші» квалификациясы беріліп, мемлекеттік үлгідегі диплом табысталады.

– Бізге 9-11 сыныптан кейін 2, 3-топтағы мүгедектігі бар балалар оқуға қабылданады. Сонымен бірге, бөгде адамның көмегінсіз жүріп-тұра алатын 1-топтағы балалар да оқи алады. Олар 5 мезгіл құнарлы тамақпен, медициналық қызмет көрсетумен, екі маусымды киім-кешекпен және оқу құралдарымен, жатақханамен қамтамасыз етіледі. Мүгедектік зейнетақылары толығымен сақталып отырады, оған қоса шәкіртақы беріледі. Үздік студенттерге жоғары шәкіртақы тағайындалады. Бұл үшін емтихан немесе тест тапсырудың қажеті жоқ. Тек арнайы құжаттар тізімін жасақтап, әңгімелесуден өтсе болғаны. Оқу мерзімі 2 жыл 10 айды құрайды. Бір ескеретін жайт, өздігінен жүріп-тұра алмайтын 1 топтағы, онкологиялық, эпилепсия, туберкулез, психикалық жүйке ауруларымен сырқат балалар оқуға қабылданбайды. Оқу сапасын көтеру үшін жыл сайын жаңа оқулықтар, техникалық әдебиеттер және оқу құралдары алынады. Кітапханамызда 10 мыңға жуық кітап қоры бар. Сабаққа дайындалуға арналған оқу залы да қарастырылған, – дейді ол.

Түркістан облысы, Кентау қаласындағы арнаулы кәсіптік колледж секілді әр өңірден бір-бір оқу орны ашылса, ата-аналар мен ерекше балаларға көп көмек болар еді. Тағдырдың теперішіне ұшыраған осал топтағы балғындар үшін кәсіптік білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындарына гранттар көбірек бөлінсе деген үміт бар. Құлағы естімейтін, ыммен сөйлейтіндер үшін де арнаулы оқу орындары қарастырылмаған. Бар болған күннің өзінде ол – Елордадағы «Тұран» университетінде ғана.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдыңғы Жолдауларында Үкімет ДЦП диагнозы бар балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдау керектігін айтқан болатын. «Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» делінген.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы инклюзивтілікке қатысты тұрақты дамуды, инклюзивтілікті және білімдегі теңдікті қамтамасыз ету үшін 15 базалық аймақтық университеттерді түбегейлі жаңартуға байланысты тапсырма да берген еді. Енді сол тапсырма сөз жүзінде қалмай, іске асырылса...

1-бет

ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІНЕ – 45 ЖЫЛ

Өркениет көшінде өнер бағалы

Қазақ өнерінің кең қанат жайып, жер жаһанға танылуына Сыр елі мәдениетінің де сүбелі үлесі бар. Соның ішінде 45 жыл тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің еңбегін ерекше айтуға болады. Өнер шаңырағынан білім алған түлектер бүгінде ел аумағынан асып, әлемнің әр түкпірінде ұлт өнерінің мәртебесін асқақтатып жүр.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Айталық, Азат Мәлік Венгрия Опера театрының солисі. Айгерім Алтынбек Италия мемлекетінің Парма қаласын магистратурада оқып жатса, Нұрай Шалман Италияның Пезаро қаласындағы Дж Россини атындағы консерваторияның 4-курс студенті. Ал Олег Ким Оңтүстік Кореядағы Ұлттық Өнер университетінің магистранты. Айтпақшы, әлемді талантымен мойындатып, күллі Еуропаны қазақ әніне құштар қылған Д.Құдайбергеновтің ұстазы М.Әйтімов те осы колледждің түлегі.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінде бүгінде 125 оқытушы қызмет атқарады. Оның басым бөлігі жоғары және бірінші санатты білікті мамандар. Өнер жолына өмірін арнаған тәжірибелі мамандардың тынымсыз шығармашылық еңбегінің нәтижесінде «Халық аспаптары», «Аралас хор», «Қыздар хоры», «Домбырашылар», «Қобызшылар», «Баянистер» ансамблдері және «Сыр сұлуы» би ансамблі жемісті еңбек етіп келеді. Сондай-ақ, жас таланттарды дер кезінде кәсіби өнерге баулу мақсатында 2011 жылы колледж жанынан балалар музыка мектебі ашылған болатын. Бұл күнде мұнда білім алып жатқан жүздеген жас өнерпаз түрлі жанрлар бойынша өнер байқауларында жоғары жүлделерді иеленіп жүр.

Сонау 1977 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің бұйрығымен шаңырақ көтерген оқу орны осы күнге дейін қаншама асуларды артта қалдырды. Иә, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өтпелі қиындықтар өнер шаңырағын да шарпып өткенін айтпасқа болмайды. 1996 - 1997 жылдардағы оңтайландыру саясатымен облыстағы педагогикалық және музыкалық колледж біріктіріліп, бір ғана гуманитарлық колледж болды. Ақиқатқа жүгінсек, бұл – ақылға сыймайтын іс. Алайда сол кездегі ел экономикасындағы дағдарыс, қаржылық қиындықтар соны талап еткен болар. Десек те, бұл жағдай білім сапасына ғана емес, өнер ұжымының әлеуметтік-психологиялық ахуалына да айтарлықтай кері әсерін тигізді. Олай болатын себебі, мемлекеттік тапсырыс көлемі екі есеге дейін қысқарып, білім алушылар саны күрт азайды. Соның салдарынан кейбір бөлімдер жабылып қалды. Ал жұмыссыз қалған мамандар жан-жаққа көшіп кетіп жатты. Енді ғана құрылған камералық оркестрдің құрамы азайып, жұмысын тоқтататын жағдайға келді.

Ал 1999 жылы облыс әкімі Б.Сапарбаевтың ерекше ықпалымен, музыка колледжі қайтадан дербес өнер шаңырағы болып құрылды. Кезінде іске аспай қалған көптеген жұмыстарды қайта қолға алуға тура келді. Солай болды да. Оқу процесіне қатысты материалдық-техникалық базаны жабдықтау мәселесі кезең-кезеңімен шешімін таба бастады. Студенттердің сапалы білім алуы үшін әлеуметтік қолдау шаралары да әрдайым басты назарда болды. Нәтижесінде, қазір колледжде 100 орындық жатақхана, 100 орындық мәжіліс залы, 23 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана, 30 орындық оқу залы бар. Бүгінде, яғни 2022-2023 оқу жылында 324 студент білім алуда.

Айта кетейік, облыс әкімдігінің қаулысымен аталған оқу орны 2019 жылы «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны» болып өзгертілді, яғни «жоғары» деген мәртебе берілді. Әр жылдарда орын алған осындай өзгерістерге қарамай, іргелі шығармашылық ұжым үлкен ізденіспен еңбек етті. Талай талантты өнер иелерін тәрбиелеп шығарды.

ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, колледж директоры Кеулімжай Ботабаевтың еңбегімен 2007 жылы облыстық филармония жанынан Тұрмағамбет оркестрі, ал 2014 жылы камералық оркестр құрылды. Жалпы филармония мамандарының 90 пайыздан астамы осы музыкалық колледждің түлектері. Сондай-ақ, осында оқып, арнайы музыкалық білім алған түлектер Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында, Қазақ Ұлттық музыка академиясында оқуын жалғастырып, жоғары білім алып, елге келіп қызмет етіп жатыр. Бұл да өнер ұжымындағы өзара сабақтастықтың бір көрінісі.

– Сыр өңірінде дәстүрлі халықтық өнер кеңінен дамыған. Сондықтан «Тұрмағамбет» оркестрін құруда аса көп қиындықтар кездескен жоқ. Мамандар жеткілікті, ұлттық киімдер мен аспаптар алуға облыс әкімдігі тарапынан қолдау көрсетілді. Ал камералық оркестрді құру қиынға соққаны рас. Себебі, үрмелі аспаптарда ойнайтын мамандар тапшы, бірнеше аспаптар жетіспейтін. Мысалы, қазір камералық оркестр құрамында өнер көрсетіп жүргендер – музыкалық колледждің 3-4 курс студенттері. Олар оқуын бітірген соң өз қалауымен жоғары оқу орындарына түсіп, жан-жаққа кетіп қалады. Осыдан соң оркестр құрамын қайтадан жасақтауға тура келеді. Хор ұжымына қатысты да осы мәселені айтар едім. Сондықтан келешекте филармония жанынан кәсіби камералық оркестр және хор ұжымын құрғанымыз дұрыс болар еді.

Аймақ тұрғындарының есінде болар, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай» операсы Сыр елінде тұңғыш рет сахналанды. Алайда пандемия кезі болғандықтан операны онлайн қоюға тура келді. Қойылымда облыстық филармонияның, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының артистері, камералық оркестр, «Томирис» би ансамблі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің «Ән салу» бөлімінің студенттері мен аралас хор ұжымы қатысты.

Күрделі жанрдағы классикалық өнер туындысын өзіміздің өнерпаздар шебер орындап, көрерменге жеткізе білді. Осы орайда алдағы уақытта оперетта, мюзикл жанрлары бойынша да жұмыс жасау қажет деп ойлаймын. Өйткені бұл музыкалық-сахналық жанрлар операға қарағанда жеңілдеу, сонымен қатар, кез-келген көрерменнің қабылдауына лайық, – дейді К.Ботабаев.

Бір маңызды деректі айта кетейік, биыл музыкалық жоғары колледждің құрылғанына 45 жыл болса, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері К.Ботабаевтың осынау оқу орнына басшылық жасап келе жатқанына 25 жылдан асты. Осыған қарап-ақ, оның музыка өнері бойынша жас таланттарды тәрбиелеуде, сол арқылы Сыр өңірінің мәдениеті мен өнерінің дамуына қаншалықты еңбек сіңіргенін бағамдай беруге болатын шығар...

Әңгіме барысында білгеніміздей, оның мамандығы – виолончель аспабында ойнау. Бұл аспапта ойнауды бала кезінен армандайтын. Сол арманына жетті. Алайда ол оқу бітіріп келіп, алғашқы еңбек жолын бастаған жылдары бұл аспап мұнда жоқ болатын. Тіпті атын естігенде көп адам таңғалатын еді. Сондай-ақ, басқа да көптеген музыкалық аспаптар жетіспейтін. Өнер үйренсем, талантымды шыңдасам деп келген жастарға бұл жағдай қиын соғатыны белгілі. Сондықтан колледж басшысы бұл мәселеге барынша мән беретін. Соның нәтижесінде қазір колледжде музыкалық аспаптың барлық түрі бар.

К.Ботабаев – А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка мектебінің алғашқы түлектерінің бірі. Әңгіме иіні осыған ойысқанда, ол қазақ музыка өнерін дамытуда әйгілі композитордың еткен еңбегі ұшан-теңіз екенін айтты. Мысалы, қазақ балалары үшін музыка мектебінің іргесін қалау – А.Жұбановтың идеясы. Неге дейсіз ғой? Себебі, қазақ музыкасын зерттеуші, көрнекті ғалым А.Жұбанов сол алпысыншы жылдарда еліміздің әр өңірін аралап жүріп, музыка өнерінің айналасында көбіне өзге ұлт өкілдерінің басым екенін, ал қазақ балаларының кәсіби білім алудан аса хабары жоқтығын аңғарып, арнайы мектеп ашуды ойға алады. Осылайша елімізде алғашқы музыка мектебінің іргетасы 1964 жылы қаланды. Ал кейіпкеріміз К.Ботабаев 1965 жылы осында бірінші сыныпқа қабылданды. Бұл мектептен білім алған түлектер қазір еліміздегі айтулы өнер ұжымдарында еңбек етіп, әлемнің үлкен сахналарында өнер көрсетіп жүр.

Атап айтар болсақ, Қазан қаласындағы Татар ұлттық консерваториясының профессоры З.Салихова, М.Әуезов атындағы академиялық драма театр актері Ғ.Құлжан, «Астана-Опера» солисі Б.Жанұзақ, Н.Сағынтай, А.Әбілда, Астана мемлекеттік филармониясының әншісі Ш.Тыныштық, А.Ораз, Абай атындағы Алматы академиялық опера және балет театрының солисі Т.Рахметов, Шымкент опера және балет театрының солисі Г.Ахетова, облыстық филармония әншілері М.Мақұлбеков, С.Тасбергенова, Ғ.Бекмұрзаев, «Отырар сазы» оркестрінің дирижері М.Әмзе, Батыс Қазақстан облысының халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Е.Нұрымбетов, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Дәстүрлі өнер» факультетінің деканы Т.Тоқжанов, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетінің профессоры Е.Мұстафаев, халықаралық конкурстардың жүлдегері «Ұлытау» тобының домбырашысы Е.Әлімбетов, Р.Баекеев, эстрада жұлдыздары М.Сәдуақасова, А.Кішкенбаев, С.Ибрагимов – осы оқу орнының түлектері екенін мақтанышпен айтар едік.

Осыдан бес жыл бұрын оқу орнының 40 жылдығына орай жарық көрген «Әлемдік музыканың ұшқыны» деп аталатын естеліктер жинағын парақтап отырсақ, КСРО халық артисі, қазақ бұлбұлы Б. Төлегенова, ҚР халық артисі, Еңбек Ері, профессор А.Мұсаходжаева сынды белгілі тұлғалар өнердің қара шаңырағы – Қазанғап атындағы оқу орнының шығармашылық жетістігіне жоғары баға берген екен.

Өркениетке бет алған бүгінгі дәуірде өнердің бағасы биік. Оған қойылатын талап пен талғам да жоғары. Хас талантты халық жазбай таниды. Оның бір дәлелі деп халықтық музыка, поп-музыка, поп-опера, классикалық музыка жанрларын қатар меңгерген Димашты айтуға болады. Сөзімізді қорытындылай келе, осынау жарты ғасырға жуық уақыт аралығында өнердің сара жолында өзіне тән биікті бағындырған шығармашылық ұжымның алдағы алар асуына шүбәсіз сенім арттық.

Тектінің тұяғы



Мен бірде екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, ерлікпен қаза тапқан майдангер ақын, жалынды жыр жолдарымен артында мәңгі із қалдырған-қазақтың батыр ұлы Әбзәли Егізбаев жайлы телехабар түсірдім. Қызылорданың теміржол вокзалына жақын көшеге майдангер-ақын Әбзәли Егізбаев есімі берілген екен.

Кейіпкерімді жан-жақты зерттей жүріп, елге жолдаған сағынышты хаттарындағы өжеттікті, кеудедегі жалындап тұрған ыстық сезімді өлең жолдары арқылы жеткізіп, Отан, ел, халық алдындағы азаматтық борышқа адалдығын білдіргенін сезіндім. Ол 1942 жылдың маусымында майданға аттанған ел тыныштығы жолындағы күресте туған жердің топырағын қайта басу, ауасын жұту бақытына жете алмаса да басқыншылардың бетін қайтарып, Жеңіс туының желбірегенін көру, қуану, жарқын болашаққа сену сезіміне бөленген еді.

Бірақ, 1945 жылы 8 тамызда Жапон империалистеріне қарсы соғыс басталды. Жауынгер-ақын Батыстан Шығысқа жол тартып, осы соғыстың қызу жүріп жатқан жеріне тап болған. Отан алдындағы жауапкершілік жүгі ауыр да қиын болды. Қиыр Шығыста жауынгерлік тапсырманы орындап, елге қуаныш арқалап келе жатқан сәтте 1945 жылдың 29 тамызында көпірге тасталған бомбадан жауынгерлер мінген поезд апатқа ұшыраған еді... Оның сүйегі Маньчжурия жерінде мәңгілікке қалды.

Артында жары Қантай, ұлдары Нағмедин мен Амангелді қалды. Сол кезде есін еміс-еміс білетін 6 жасар Амангелді Әбзәлиұлының есейіп ел азаматы болған шағында мұны өз аузынан естіген едім.

Өткеннің жаңғырығы ұмытылмайды ғой. Тағдыр да өз орайын табады екен.

1939 жылы наурыз айында Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде дүниеге келген Амангелдінің өсе келе өмір жолын теміржол саласымен байланыстырғаны кездейсоқ емес деп ұқтым. 1959-1968 жылдары Ташкент теміржол техникумын бітіріп, Жосалы жол дистанциясында жұмысшы, бригадир, жол мастері болып еңбек жолын бастайды. 1969 жылы Бүкілодақтық теміржол институтын бітіреді. Қарапайым да жылы жүзді Амангелді Әбзәлиұлының өмір жолы үнемі өсу, іздену, өзін-өзі толықтырумен өткендей.

Жылдар легімен Амангелді Әбзәлиұлы Қазалы аудандық Совет атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, облыстық Совет атқару комитетінің жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы, облыстық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі, тіпті Мәскеудегі КПСС Орталық Комитетінің қоғамдық білімдер академиясының тыңдаушысы да болады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары елде өндірісті дамыту мақсатында құрылған «Қызылорданефтепродукт» облыстық бірлестігінің бас директоры, «Қызылорда мұнай өнімдері» АҚ-ның президенті болды. Кейіннен осы мекеменің Бақылау кеңесінің төрағасы, директорлар кеңесінің мүшесі болды.

2000-2005 жылдары «ТрансСервис» бірлескен кәсіпорын директорының орынбасары, «Қор» мұнай компаниясы АҚ бас директорының кеңесші қызметін абыроймен атқарды.

Жаны жайсаң, адамдармен тез тіл табыса білетін іскер азамат ретінде өз ортасында сыйлы болған Амангелді Әбзәлиұлы отбасында 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардан оннан аса немере, шөбере сүйді. Әкесі Әбзәли армандаған бақытты, мамыражай, бейбіт, тыныштық ұялаған елде өмір сүрді. Әке аманатын Алла тағала сыйлаған ғұмырында орындай білді. Ұрпақтарына үлгі боларлық биік адамгершілік болмысымен, асыл қасиеттерімен елмен, халықпен бірге өсіп, оларға адал қызмет жасай білген тектінің тұяғы Амангелді Әбзәлиұлының жарқын бейнесі көптің көңілінде мәңгі қалғаны шындық.

Оның бейнесі өзі кезінде күш-жігерін салып тәрбиелеген, республикамыздың түкпір-түкпірінде жүрген шәкірттерінің жүрегінде сақталатыны да сөзсіз.

Бүгінде ел игілігі үшін аянбай тер төгіп, халыққа қызмет жасап жүрген Амангелді Әбзәлиұлының ұрпақтары мерейі үстем болып, әке абыройын асқақтата беретініне де сенім мол.

Әр перзент Әке мен Ана алдындағы борышын ақтасам деп армандайды. Бала жүрекпен мен де бір кездері Әкеме арнап мына жыр жолдарын жазған екенмін...

Әкем менің – өмірдегі тірегім,
Деп соғады кеудемдегі жүрегім.
Дөңгеленген жұмыр жердің үстінде,
Өзің бар деп алшаң басып жүремін.

Ой мен қиял сөз маржанын сүзеді,
Сенің атың жырымда өмір сүреді
Ән айтшы деп түспей-тұғын алдыңнан,
Сол қара қыз он екінің бірі еді.

Бір биікке ұшуға егер сайлансам,
Төбем көкке сәл-ақ жетпейді «айналсаң»
Әке, сенің тілегіңнің алдында,
Сөнбей-тұғын шам-шыраққа айналсам!

– деп соққан жүрек лүпілімді Амангелді Әбзәлиұлының ұрпақтары, ұл-қыздары іштей қайталайтынына сенемін. Әкелерін ұлағаттаған ұл-қыздарына қызметтерінде абырой беріп, Алла тағала ұзақ ғұмыр сыйласын!

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері,
Қазақстан Жазушылар Одағы
Қызылорда облыстық филиалының директоры

ДҮКЕНБАЙ ДОСЖАН – 80

ЖАЗМЫШ ҚАНА



«Дүкенбай Досжанның бір шығармадан бір шығармаға баспалдақтап өсіп, тынымсыз ізденуі өзімді қатты қызықтырады. Оның соңғы кітаптары – тақырыбы, орындалуы, ой ағымы, көркемдік кестесі, тіл бояуы жағынан бүгінгі прозаның талап деңгейіне толық жауап беретін аса талантты дүниелер».

Әбдіжәміл Нұрпейісов

Өмірдің өзіндей жүрісінен жаңылмай жазмыштың үлкен сыйын арқалаған, терін тамшылатып, сұқ саусағы сүйелденіп, кітаптан соң кітап жазып жатса да мыңқ етпейтін, төзімді, аса ізденімпаз, қажырлы қаламгер, табиғи бейнеткөр жандардың бірі Дүкең еді. Біздің халық бір жерде кен көзі ашылыпты десе елең етіп қуанады, қоры қанша екен деп болжам жасайды, тезірек халық қажетіне айналса екен деп тілейді. Дәл сондай кен көзіне парапар рухани талант көзі ашылса ғой, оны түсіну, қабылдау әрқалай, табанды еңбегін елей қою қиын.

Дүкенбай Досжанға «Құм» кітабы үшін мемлекеттік сыйлық берілген еді. Одан біраз жыл бұрын «Құмда қалған кемелер» кітабы үшін Әуезов сыйлығы бұйырған. Әйтсе де қаламгер беріліп жатқан сыйлықтарға семіріп, көкірек көтеріп, басқаға міндетін артпай, жазуын бұрынғыдан да еселей түсетін. Бұл шын суреткерлікке бет бұрған үлкен құбылыс еді. Дүкенбайдың «Алыптың азабы» атты кітабындағы «алып» деп тұрғаны Әуезов, «азап» деп баяндағаны – осы кемеңгер қаламгердің абақтыда отырып шыққаны, қуғын көргені, талқыға түскені. Осы оқиғаның баршасын автор құжатпен сөйлетеді. Абақтыдағы тергеу, тінту қаттамасын оқып жаныңыз түршігеді. Тырнақ астынан кір іздеп індете тергеген тергеушінің қатыгездігі алабөтен. Шығарманың өн бойы қауіпсіздік комитетінің бұрынғы деректері. Романның құрылымы қызық. «Роман осылай басталады» деген бөлімде Мұқтар ағаның абақтыдағы қасіреті суреттеледі. «Романның шарықтау шегі» бөлімінде бас кейіпкердің, яғни, Әуезовтің Шортанбай, Шәңгерейдің рухымен тілдесуі ұзақсонар баяндалады. Ал «Роман осылай аяқталады» бөлімінде қиындық атаулыны иығынан сыпырып салған ғұламаның Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидің басына тәжім етіп баруымен аяқталады.

Мұқтар айтады: жарықтығым, соңымда қалған сөзімді қай ұрпағым ұлықтап айтып жүрер?

Яссауи баба: кісінің кісіге жасаған жақсылығы Ысырат көпірінен аман алып шығады. Сөзіне сеніп тірлік еткен ұрпағың барда, бұ дүниенің қамынан уайым жеме.

Осылайша софы мен ұлы суреткердің сөз саптасын Дүкең қызық өрбіткен. Оқырмандарын ғажайып арман еліне жетелейді. Адамшылық парыз, Алланың нұрын аңсау, жұмақтың сегіз есігі мен тозақтың жеті түрлі азабын қолдан сызғандай елестетеді. Фальшті сезбейсіз. Еріксіз бас шұлғисыз. Мұның бәрі қаламгердің сөзбен сурет сала білетін құдіретінен, иландыра жетелейтіндігінен. Көзқарасының айқындығы, жазушының пәлсапашылығы оқырманды тамсандыра түседі.

Дүкенбай ағаның «Алыптың азабы» кітабы қазақ қаламгерлерінің бұрын-соңды Мұқтар Әуезов туралы жазған шығармасына еш ұқсамайды. Өзінше өрнегі мол, ерекше туынды. Жазушының бар қасиеті сөз сипатымен оқшау тұруында. Дүкең айтады: шеберлік көкжиегіне жеттім дейтін жазушы жоқ. Оған Мұқаң да жетпеген, біз де жетпейміз. Өйткені, шеберлік – шексіз. Ол көкжиек – ұлттық рухани ойлау, мазмұндау дәрежесімен өлшенетін ғажайып кеңдік пен еркіндік. Сол еркіндікті, теңдікті ұлы ұстаз табиғи дарыны арқасында молынан пайдаланды. Оқырман талғамын биіктетті. Әуезов өмірі тақтайдай түзу болмаған. Қазіргі біз көрдік деп жылап жүрген қиындық, тапшылық, кемсіту, мұқату, қасақана елемей, ескермей, барыңды жоқ етуге тырысу, бақталастық, ұстаз өмірімен салыстырғанда ойыншық секілді. Соған қарамай, көзіне көрінген, көрінбей әрекет еткен жауларымен жағаласа жүріп, ұлтына қаратып тозбайтын сөз айта білген қажырына қайран қаласың. Мұқаң биігі арманың болып қала береді.

Жазушы кісінің қолындағы бар құралы қалам ғана. Жұрт ойлайды, оларға қалам мен қағаз болса жетеді. Отыра ғап тоқтаусыз жаза береді, жаза береді дер. Әйтсе де «ән айтсаң жаныңды жеп айтасың» дегендей, жанын жеп, жүйкесін жұқартып жүріп, дүниеге жаңа бір шындық туралы, тағдыр туралы адамдар арасындағы тайталас туралы өз тұжырымын ұсынатынын біз біле бермейміз. Олар сөзбен сурет салады, маңайда өтіп жатқан қым-қуыт өмірді көркем кестелеп қағазға түсіреді. Сұқ саусағы сүйелденеді, көз майы азаяды. Жазу да дуа секілді. Сол дуаға арбалып, жазбай отыра алмайтын халге жетеді. Сүйексіңді әдетімен өмірден өтеді. Өмір сүру көпірден өту емес. Кітап жазу үстелге шегеленіп, жастықты кеудеге қысып, етпетінен түсіп, көрпеше үстінде домалау емес. Әр сөз, сөйлемге жүрек лүпіліңді ұйымдастыру. Бар көрер қызығыңды жиып тастап, ыңғайлы отырар орын таңдамай, табиғат берген асыл ойларыңды қағаз бетіне тізу. Бұл өмірде кеудесіне шырақ жанғандай ізгі ниетпен шұғыла сеуіп жүретін донор адамдар болады. Құлқы азған, нәпсісін жеңе алмаған, ішсем, жесем, алсам дегеннен артыла қоймаған вампир кісілер де бар. Көркем әдебиеттің міндеті – сол сайқалдығы сайтаннан асқан жандарды көкірегіне иман жинаған жандардан айырып, екшеуге жәрдем жасау. Күрсінгеннің көкірек жайын ұғыну.

Міне, осы тауқыметті жолда жан аямаған ірі жазушыларымыздың бірі Досжанов болды. «Өз басым тақырып таңдау дегенді түсінбеймін», – деген еді бірде қаламгер. Кітап тағдыры адам тағдыры секілді. Ең ғанибеті тақырып емес, адам тағдыры шығар. Махаббат базарына әркім де барар. Көзінде сәуле жоқ, тіршілігі іштім-жедім, ойнадым, көпірден өттім секілді өмір болды. Мұндайдан үлкен тартыс табу қиын. Саулап құйылар сөз де шықпайды. «Дүниеде не пәле құштарлықтан шығады. Махаббат, соғыс, роман бәрі-бәрі әлгі дүлей күш – құштарлық болмаса тіршілікті алай-дүлей етпес еді», – дейді ұлы Бальзак. Сол айтпақшы, құштарлықсыз келе қалған нәрсе шала жанған оттай орта жолда бықсып, өшіп тынады. Суретші болмысты бояумен көреді, жазушының құдіреті суретшінің көзі, сазгердің құлағы мен саусағы сезгеннің бәрін тірі сөзбен кестелеуі. Жазушының әуелгі басқышы ауыр болса да, осыны жазсамау деп ғаламат істі бастауы, міндет етіп алған істің сырын тап басып, оқушысының санасына жеткізе білуі, кім-кімді де таңғалдырады. Оқырманын риза етеді. Оқи отырса илана бас шайқайтын қаламгеріміздің бірі Дүкең – Дүкенбай Досжан. Меніңше қаламгер сөз қаруын қасиет тұтатындықтан да қаламға қажетсіз жерде жөнсіз жармаспайтын жазушы, ал, егер, сол қару қаламын қыннан суырса онда ол ылғи әділеттің жағында болып, елсізді қорғау үшін, мұңлыны жұбату үшін ғана қаруын сілтейді.

Дүкеңнің толғанысы: Адамды жазушы ететін өскен ортасы, сол ортаның тіл байлығы, сөз қолданысы, кісінің табиғи дарыны. Мәдениет майданында солдат жоқ, бәрі де туабітті генерал. Істеген ісіңе, тыңдырған шаруаңа қарай жұртың сені кезі келгенде танып алады, сынына салады. Шаруасына жарасаң басына көтеріп ардақтайды. Сол қасиетті халық назарынан абыройлы өткенге не жетсін?!

«Зауал», «Дария», «Табалдырығыңа табын», «Жібек жолы», «Алау», «Таразы», «Абақты», «Абай айнасы» атты романдары мен ондаған повесть, жүзге жуық әңгіме жазған Дүкеңнің қарт анасының айтуына қарағанда, біздің кейіпкеріміз төрт жасқа келгенше «мылқау бала» атанған. Жасөспірім кезінде сағаттар бойы ыстық күн астында жалаңбас ойға шомып отыра бергенді ұнатады екен. Жазушының әкесі жасында атақты шабандоз атанып, қартайғанда сопылық құрыпты. «Шағын ауылдың кішкентай кітапханасының барлық кітабын үш қыс бойы оқып тауысқанымды сезген әкем сөзін таразыға салмақтап отырып айтар еді: балам бір нәрседен қорқамын. Баяғыда Түркістан базарында қолтығына кітап қысып, басы бұлғаңдап, әрнәрсені шалықтап айтып отыратын ғұламаны көріп едім. Сол жердегілерден «бұ кім еді?» деп сұрағанымда, олар: кітапты көп оқып, кітап сөзі ақылынан үстем шығып, миы атала боп кеткен ғұлама ғой», – дейтін. Сол кітап құшақтаған ғұлама секілденіп бір күндері алжасып, қияли боп шыға келме. Сөздің қасиеті оңай нәрсе емес. Кітап сөзін ұстай алсаң атыңды шартарапқа жаяды. Егер, ақыл ойыңнан үстем шықса, аузыңды қисайтып, басыңды бұлғаңдатып, қалыбыңнан тайдырып жыңды қылады». Міне, көп сөзі жоқ жарықтық әкем осылай деген еді. Әке сорлы қайдан білсін, бала табиғатындағы кітапқа, білімге деген кернеп тұрған құштарлықты әкенің бар тілегі баласының басы бұлғаңдамай аман жүрсе болғаны.

«Алғашқыда, ойпырмай қалай болар екен деп қауіп қылып та жүрдім. Шыны керек, көп оқудың пайдасы тиді. Оқыған сайын жан әлемінде үлкен бір жігер пайда болып, өзімді-өзім қайрай түсетін» әдет таптым, «осы мен кіммін?» деген сауалға жиі жүгінетін болдым. Ішімдегі дүлей ойды сыртқа шығарудың амалын ойладым. Қолыма қалам алып жазатын болдым. Көргенімді, білгенімді, сезгенімді, естігенімді, тұшынғанымды бәрін-бәрін қағаз бетіне түсіруге асықтым. Қалам ұстасам болды, қиялым кеңіп жүре береді. Алдымен өлең жаздым. Алғашқы туындым он бес жасымда жарық көріпті», – деген еді бірде жазушы аға.

Содан бері тіл бояуы бай, символға, қиялға жүгінетін автордың халықтық асыл дәстүрді кестелеген шығармалары ағылшын, испан, мажар, швед, қытай, жапон, кәріс, пуштун, тамиль, түрік, молдаван, эстон тілдеріне аударылыпты. Шығармалары оқырмандарына екі миллион үш жүз мың данамен тараған. Мінезі тұйық, сыншыларын көп оқымайтын, көпшілік орта, теледидардан сырт жүретін бұл кісінің алдына қойған негізгі мақсаты жазу болды. Тек қана жазу. Содан соңғы байлығы бір бөлме тола архиві. Онда көне қолжазбалар, құпия құжаттар, картотекалар жинақталған. Д.Досжанның есімі Американың «Әдебиет және өнер адамдары энциклопедиясының» екінші томына кірген. Жазушының барлық шығармаларына осы архив құжаттары өте шындық жолмен көмектескен. Архивпен жұмыс істеу, оны көздің қарашығындай сақтау көбіне төзімге байланысты. Үлкендікішілі құжаттың ұлтымызға керекті тұсын жіпке тізгендей ұқыптылықпен пайдалану, мың-сан қағаздың арасынан аршып алып, бүгінгі ұрпақтың қәдесіне жарату, көзге көрінбейтін, еленбейтін мықтылыққа саяды. Өз ісіне мығым, қара сөзді келісті етіп кестелей білетін ағаның жинаған архивіне, аса бай қолжазба қорына шетелдік әріптестеріміздің еленде, көңіл аударуы да жайдан-жай емес. Жылдар бұрын жазушының отбасылық мұрағат қорын естіген АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі болған ғалым Уильям Хариссон Кортни құжаттар тігілген папкаларымен танысып, қызыға ден қойғаны бар. Мұндай кісілер қазақ елінің, халқының қалыбын білсек, тереңірек түсінсек дейді. Ұлтымыздың мың өліп, мың тірілген төзімділік қасиетінің сырын білмекші. «Архив – ұлттың айнасы» деген еді жазушы аға. Олай болса, сол айнаны ешқашан кір шалмасын.

Кейіпкеріміз 1942 жылы 9 қыркүйек күні Жаңақорған ауданының Құланшы ауылында, әйгілі батыр Шіркінбайдың ұрпағының отбасында дүниеге келген. Соғыстың қайнап жатқан кезі. Сол аймақта темірден түйме түйген, ел қалың қасиеттері деп санап кеткен Ақеділ есімді ұста болыпты. Қасиеті сол өзі ұстаханасында болмаса да балғасы өз-өзінен тарсылдап, көрігі гүмпілдеп жатады екен. Ол жарықтық анасының түсіне кіріп: «келін мынаны алшы» деп көсеу сыйлапты. «Ұзамай жарық дүниеге мен келіппін. Біздің жақта ұстахананы дүкен» дейді. Ата-анам шапағаты тисін, ұлдың атын Дүкенбай қоялық деп келіседі. Содан, мен ұстахана дегеннің мағынасын алып Дүкенбай болып шыға келіппін» дейтін. Дүкеңнің шығармалары тілге бай, етек жеңі мол, бояуы қанық, нағыз байырғы қазақи тілмен жазылған. Мысалға «жабу жапты» деудің орнына «атты билете басқызып, жабуыштан әкелді», – деп жазады. Дүниеде әр нәрсеге, ойға да, затқа да өлшем керек. Өлшем – өмірдің бұлтартпас заңы.

1994 жылы жарық көрген «Абай айнасы» атты ғұмырнамалық зерттеулер кітабында ұлы ақынымыздың өмір жолын, кезеңді тұстарын жазушылық толғаныспен кестелеуге күш салған. «Осы кітапты жазар алдында» дейді қаламгер, Жидебайға Абай бейітіне барып, Шығыс жақ жаңа ғана сөгіліп, таң шапағаты біліне бастаған мезетте, қос тізерлеп отырып, Құран оқып, қол жайып, бет сипағаным сол еді, қабірдің зіл қаратасы жаймен қозғалғандай болып, сытыр еткен дыбыс естіліп, айнаға түскендей елес боп, бу боп, ақын сұлбасы көз алдыма келе қалғаны. Құданың құдіреті кәдімгі тірі адам сипатына еніп, Абай тіл қатқаны. «Бұл не шу?» Абайдың қабағы салыңқы, түйіліп тұр. «Бұл неғылған бітпейтін шу? Неге атымды атап маза бермейсіңдер, мерейтой өткіз деген мен бе екем?» – деп осы күнгі ақын атына байланысты жөнді-жөнсіз даңғазалыққа қарсы екенін шу дегеннен-ақ аңғартып алады.

1898 жылғы маусымда Мұқыр баласының сайлауы өткелі жатқан Көшбике деген жерде Абай басына қастандық жасалады. «Ел ішінде партия құрып, іріткі салып жүрсің», – деген желеумен ақынға шабуыл жасап, қамшы жаудырып, басындағы бөркін, пышағын, алтын баулы сағатын тонап алады, өзін соққыға жығады. Дәл осы қастандық кезіндегі қат-қабат оқиға соны деректер арқылы қаны сорғалаған ащы шындығымен суреттеледі. Абайдың көп философиясы қазіргі өмірге қаратып айтылғандай әсер етеді. Жүрек сауыты – ақыл, ал ақыл сауыты – мінез, мінез сауыты – қалып. Енді, осы ақылдың да өзінше кеселі болады екен. Ол не нәрсе екен деп Дүкең ұстаз тәліміне көп үңіліпті. Ақыры тапқаны: ақылдың ең ауыр кеселдері – мінезсіздік, мақтан, салғырттық, тез жалығу, тез қайту, уайымсыздық екен. Мына заманда әр адам басын бәйгеге тіккен тұлпар секілді. Біреуі байлығымен, біреуі мансаппен, үшіншісі жора-жолдасымен, төртіншісі сүйеніші, тірегімен озамын деп жанталасып жүр. Абай көзімен қарасаң, мұның бәрі өткінші, тасыған судың көбігіндей бүгін бар да ертең жоқ тиянақсыз нәрселер. Біз осындай парасатты пәлсапаны жазушының «Абай анасы» кітабынан жақсы ұғынамыз. Оқырман іздеп жүріп, сүйіп оқитын «Таразы» деп аталатын роман-толғауы елең еткізетін бағалы дүние. Мұндағы адам мен табиғат арасындағы сәйкессіздіктен туған қиыншылықтың себебін анықтап таразылау, өткен дәуір мен бүгінгі өмірді параллель тәсілінде салыстыру. Ертеректе өткен ата-бабалар мен бүгінгі ұрпақ бейнесі, ақыл, ой-арманын, мінез, салт-дәстүрін тіршілік кәсібін, олардың өскен-өшкенін, пайдалы-залалды жақтары көркем сөзбен салыстыра зерттеледі.

Атағы дүниежүзіне таралып кеткен талантты да талғамды, ойлы жазушымыз Дүкеңнің «Таразысы» – сөз жоқ қазақ роман жанрына қосылған бағалы да базарлы, айтулы да айшықты үлес. Бұл еңбек ескі мен жаңаны, өскеніміз бен өшкенімізді, бүгінгі мен ертеңгіні, адалдық пен адамгершілікті безбендейтін әділ таразы іспеттес. Дүкеңнің толғанысы: «Адамда арман өлмейді, үміт сәулесі үзілмейді, ұлтымның келешегі өзімнің келешегім. Жазумен ауырған адамның айтары тағдырлас, сапарлас болған кісілердің жақсы сөз, жарым ырыс лебізі, көргенімді, білгенімді, түйгенімді ақ қағазға келістіріп кестелей алсам, бұл менің қажет емес, маңдайға жазған мінез боп, бойға сіңген дерттің аты – жазмыш қана.

Ұлжан ПАРМАШҚЫЗЫ,
Жуалы ауданының
құрметті азаматы,
ардагер диктор

Ислам институты ашылды

Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты Хусамуддин әс-Сығанақи атындағы ислам институты ашылды. Ашылу салтанатына Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысып, институт жұмысына сәттілік тіледі.

ҚМДБ төрағасы басқарма биыл жеті бағыт бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарып келе жатқанын, соның бірі діни білім және ғылым бағыты екенін алға тартты.

– Діни басқарманың негізгі жұмыс бағыты саналатын бұл сала бойынша биыл бірқатар маңызды іс-шаралар атқаруды жоспарладық. Жыл басындағы бағдарлық баяндамамда елордадан арнайы терең діни білім беретін «Ислам орталығын» ашуды ұсынған болатынмын. Бұл орталықтың мақсаты – имамдарға терең білім беру, классикалық еңбектерді оқыту, араб тілін жетік меңгеруіне ықпал ету, діни мәселелерді түсіндіру қабілетін ашу, – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Бас мүфти оқу орнында Нұр-Мүбарак университетін, ҚМДБ-ға қарасты медресе-колледжерді тәмамдаған түлектер мен имамдар білімін тереңдете алатынын, ас қариларды жігерлендіру мақсатында институт жанынан ижаза беру орталығы ашылғанын атап өтті. Сонымен қатар, салтанатты шараға жиылған көпшілікке Хусамуддин әс-Сығанақи атындағы ислам институтының директоры қызметіне Бағдат Манабаевтың тағайындалғанын хабарлап, қызметіне табыс тіледі.

Салтанатты шара барысында абайтанушы-ғалым, профессор Ғарифолла Есім, Нұр-Мүбарак университетінің проректоры Қайрат Құрманбаев, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Ержан Нүкежанов құттықтау сөз сөйлеп, жылы лебізін білдірді.

«СБ» ақпарат

ТҰЛҒА

ӨМІР ӨТТІ ОСЫЛАЙ

Өмір философиясының ғасырлар бойы бізге жеткен бұзылмайтын қағидасына сүйенсек, ақылды кісі өз тағдырын өзі жасайтын көрінеді. Себебі ол өзгенің көре алмайтын, байқай алмайтын түйткілдерін ерекше сезіне біледі. Ежелгі ақылмандардың бірі: «Бұрынғының жеті данасымен салыстырғанда бүгінгінің бір данышпанынан көп нәрсе талап етіледі» депті.

Рас сөз. Ақылға, пайымға салсаң барлығы орынды секілді. Кейде осы орайда көп нәрсені ой елегінен, сана сүзгісінен өткізіп таразылағанда менің пайымдауымда еріксіз еске оралатын жайттар көп. Демек, біз бүгінгі ұрпақ қазіргі тілмен айтқанда бұрынғы адамдарға қарағанда ел үшін тындырған ізгі істеріміз тым аздау сияқты болып көрінеді де тұрады.

Өзім құрметтеп, қадір тұтқан, есімі кезінде облысты былай қойғанда республикаға мәшhүр болған Әбдірәш Іскендіров ағамыздың адами болмысы, рухани деңгейі мен келбеті, ел жұртымен, өз дәуіріндегі шен-шекпенділермен қарым-қатынасы туралы айтқанда халықтық мүдде жолында атқарған тындырымды істері уақыт өткен сайын қара түнекке түскен сәуле сияқты жарқырай түсетін тәрізді. Бұл енді біздің ағамыздың болмысына деген бүгінгі сағыныш сезімі еді.

Ол кісінің жастық шағы сұрапыл заманға да келді. Бұл қанша өкінішпен айтсақ та біздің кешегі тарихымыз. Әкесі Қожабайұлы Іскендір кезінде медресе, мешіт ұстаған кісі болыпты. Ислам діні үшін халықтың сауатын ашып, ел ертеңін болжап, пайымдаған, мешіт ұстаған аса танымал тұлға Қожабай ахунның тікелей ұрпағы. Сыр өңіріне белгілі ұстаз, мыңдаған шәкірт дайындаған сол кісінің шаңырағында 1919 жылы Әбдірәш ағамыз дүниеге келіпті. Аласапыран заманда қуғынға ұшыраған Қожабайұлы Іскендір 1937 жылы репрессияға ұшырады. Ақыры сол жүйенің қатаң үкіміне тап болып қаза тапты. Шынын айтқанда, бұл бүкіл әулеттің, әсіресе жаңа өркен жайып келе жатқан жас жігіттің сағын сындыратындай жағдай еді. Ағамыз тағдырдың осынау ауыр сынағына жасынан жігерлі қасиетін қарсы қойды. 1936 жылы орта мектепті бітірген соң, қаржы қызметкерлерін дайындайтын курсқа түседі. «Жаңа тілек» ұжымшарында есепші болып еңбек жолын бастаған жас жігіт артынша Қармақшы аудандық мемлекеттік банкінде қызмет жасады.

Сұрапыл заманның қасіреті қайта жалғасты. Қызыл әскер қатарына шақырылған жас-өспірім көп ұзамай екінші дүниежүзілік соғыстың алапат қырғынына қатысты. Өмірлік хронологиялық тізбекті қысқаша түйіндейтін болсақ, 1941 жылдың тамызынан 1946 жылдың шілде айына дейін майданда бөлімше командирі, взвод командирі, соғыстың соңғы сәтіне дейін Ленинград, Прибалтика майданының артиллерия полкінде қатардағы жауынгерден орта буын командирлікке дейін өсті.

Тарих бізге мынадай таңғажайып фактілерді алға тартар еді. Гитлерлік басқыншылар Ленинградты түбірімен жойып жіберуге бар күш-жігерін салды. Өлгені, аштан қырылғаны бар Ленинград құрсауында 3 млн-нан астам бейбіт тұрғын қаза тапты. Әбдірәш аға осы қырғынды өз көзімен көрді.Тағдыр деген қызық, кейінгісін еске алудың өзі қиын. Соғыстың соңында бөлімше командирі Кенигсберг қырғынына қатысты. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», демекші немістер осы қамалды бермеудің амалын қарастырып, ешқандай шығынмен санаспаған болатын. Егер соғысқа аттанған әрбір қазақтың екіншісі бейбіт өмірге қайтып оралмаса, төрт рет ауыр жараланған Әбдірәш аға елге аман-сау оралды. Бұл әкенің қасіреті үшін оған деген тағдырдың бір қарасуы шығар деп пайымдауға да болар еді.

Елге оралған ол үйреншікті мамандығымен қызметіне қайта кірісті.Білімін жетілдірді, әртүрлі ұжымшарларды басқарды, Қармақшы, Сырдария, Арал аудандық тұтынушылар одағының басқарма төрағасы, «Аралсульфат» ОРС-нің бастығы қызметтерін атқарды. 1962 жылы облыстық тұтынушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасарлығына сайланды. 1964 жылы Мәскеу қаласындағы сауда институтын сырттай бітіріп, жоғары қаржыгерлік мамандығын алды. Сол уақыттағы өлшеммен алғанда ол кісінің еңбекке деген құлшынысы, білімі, тәжірибесі ескеріліп 1968 жылы облыстық партия комитеті бюросының шешімімен облыстық тұтынушылар одағы басқарма төрағалығына сайланды. Міне, осы сәттен саланы 16 жыл басқарды.

Кеңестік жүйенің бір ерекшелігі, кадр тағайындау кезінде іскерлік қасиет айрықша ескеріледі. Қазақша ұғымға салсаңыз «бақыт құсы» бар дегеніміз рас, бірақ, оны ұстап тұру екінің бірінің пешенесіне бұйыра бермейді. Бұны өмір әлдеқашан дәлелдеп кеткен. Ұзақ жыл қызмет атқарған бір шенеунік «билік теңіздің суы сияқты, іше сала қайта ішкің келеді» деген көрінеді. Оның апиын сияқты «қасиеті» бар екенін айтқан ғой шамасы. «Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын, жағдайы келгенде бақ көтеріп таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройсыздыққа қалып жатқандар көп», депті ұлы Абай. «Ақырын жүрсең сорың сені қуып жетеді, жылдам жүрсең сені сорың басып озады» депті тағы бір қазақтың дүлділ ақыны Мұқағали. Менің пайымдауымда Әбекең өмірдің осы қағидасын санасына берік құйып алған сыңайлы. Ол кісінің ұстанымы сабырлылық, байламы ақылдылық еді. Үлкен қызметте жүріп жан-жағын терең ойластырып, мың өлшеп бір тоқтамға келу ұстанымы оны тағы да алға жетеледі. Әсіресе әңгіме шуы көп саудада бұл қасиет аса керек екенін жақсы түсінді. Кадрға деген жауапкершілігі беделін арттыра түсті, оған деген ұжымының құрметін өсірді. Әбекеңнің тағайындаған кадрларының облыста кешегі күнге дейін жемісті қызмет атқаруы осының дәлелі болса керек-ті.

Қызмет бір сәт босаңсуды қаламайды. Тынымсыз еңбек нәтижесінде 1983 жылы облыстық тұтынушылар одағына кеңестік орталық одақтың ауыспалы Қызыл туы берілді. Шалғайдағы аграрлық сипаттағы облыс үшін бүгінгі тілмен айтқанда империяның ең жоғары наградасы болатын. Ағаның іскерлік қимылы нәтижесінде облыстың кооперативтік құрылымдарының материалдық-техникалық базасы нығайды. Сауда саласына өз бастамасымен қызмет етудің озық үлгілері енгізілді. Бұл сатып алушының өзіне-өзі қызмет көрсету тәсілі болатын. Нәтижеде тұтынушылар қатары күрт өсті. Аймақтағы 700-ге жуық дүкен халық сұранысына сай қызмет жасады.

Қызылорда қаласында, барлық ауданда наубайхана, кондитер, сусын цехтары ашылды. Консерві жасау, қауыннан қақ тілу, құрт-ірімшік жасау цехтары ашылды. Бүгінгі ұғыммен салыстырғанда осының барлығы тынымсыз еңбек, сондай-ақ сол дәуірдің ұғымына жат қазіргі нарықтық қатынастардың белгісі болатын. Демек, білімнің, іске деген жанашырлықтың белгісі еді. Қызметте сауысқандай сақтықпен, әр жасаған қадамыңды аңдап басып ұзақ отыра беруге болады. Себебі кеңестік дәуірдің экономикалық қылмысқа қатысты заң талаптары өте қатаң еді. Қазақ мұндайды «атқа мінгенің – ажалға мінгенің» деп орынды теңеумен салыстырған. Осындай өткелектен аман өту екінің біріне бұйыра бермейді. Оның үстіне халық арасында сауда шенеуніктерін, қызметкерлерін жақтыра бермейтін тағы бір ұғым бар. Біздіңше, Әбекең осындай мың сан кедергілерден ақылымен бірге байсалды ұстанымы арқылы өткен өз заманының бірегей тұлғасы болды.

Өмір бір орнында тұрмайды. Оның әрекеті – алға жылжу. 1968-1984 жылдар аралығында Әбекеңнің жетекшілігімен облыстың барлық аудандарында ірі сауда орталықтары – универмагтар салынды. Бүгінгі нарықтың мазмұнына сәйкес келетін шешімдер қабылданды. Соның бірі Тасбөгет төңірегінде «Ауыл» рестораны ашылды. Кешеннің кереметтігі сондай, табиғи жағынан көрікті жерлерге орналасқан. Бұл жерде облысқа келген үлкен қонақтарды қабылдауға болатын еді. Осының бір дәлелі ретінде 1993 жылы Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей басшылары Арал теңізін сақтап қалу мақсатында Қызылордада келелі кеңес өткізіп, осы жерде тамақтанғанын мақтанышпен айтуға болады.

Біз кейде өткен дәуірге шалағайлау, пісіп-жетілмеген ой-тұжырыммен баға беріп жатамыз. Иә, әр дәуірдің өз пендесі, өз шындығы, сондай-ақ өз жалғандығы бар. Мұны енді өмір дейді. Бірақ бір ақиқат бар. Ешкім өз өмір сүрген дәуірінің шындығынан алыс кете алмайды. Бұрынғылар «қоғамына қарай адамы, заманына қарай амалы», деген. Ұлы Абайдың «Атымды адам қойған соң қайтып надан болайын» дегенінде үлкен мән жатыр. Уақыт өз заманына қарай өзгеріп отырады. Осы орайда Әбдірәш ағам өз дәуіріне сай абыройлы қызмет атқарды. Адам болған соң өз ойы, пікірі, ұстанымы, соған сәйкес пендешілік кемшіліктері болатынын жасырғымыз келмейді. Атақты Лев Толстой «Өз ойымен өмір сүріп, өзгенің орнына өзін қоя білген адам – жақсы адам» деген екен. Сол сияқты менің ағам да осы ұстаныммен өмір сүрді. Жай ғана өмір сүрген жоқ, татымды, мағыналы өмір сүрді деп ойлаймын.

«Ұлыны ұлы тұт, кемімейсің, үлкенді үлгі тұт, ірілейсің» депті Шәкәрім атамыз. Ағамыз осы ұстанымды өзіне серік етті. Өзіне құрметті сұрап алмады, іскерлігімен, жанашырлығымен өзгені өзін сыйлауға мәжбүр етті.

Біз ағаны сол үшін құрметтедік.

Әбекеңнің өмірінде көңілге сәл де болса демеу болатындай жағдайдың орын алуы бауыры Ибрагимнің тағдырына қатысты еді. Ол 1942 жылы соғысқа аттанып, хабар-ошарсыз кетті. Айбарша анасы ұлын күтумен, іздеумен арманына жете алмай өмірден озды. Арада 70 жыл өткенде Ибрагим Іскендіровтың дерегі табылып, оның Полтава облысында жерленгені айқындалды. Хабарды ести сала бауырлары Украинаға барып, оның қабіріне тағзым етті.

Соғыста және бейбіт өмірдегі ерен ерліктері үшін Ә.Іскендіров «Еңбек Қызыл Ту», I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, 2 рет «Ерен еңбегі үшін», «Ленинградты азат еткені үшін» және «Германиядағы жеңісі үшін» медальдарымен марапатталған. Әбекең 2001 жылы 82 жасында дүниеден озды. Облыстық, Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің, облыстық комитетінің мүшесі, өкілетті органдарының бірнеше мәрте депутаты болып сайлануы оның қызмет деңгейінің қаншалықты жемісті болғанын айғақтайды.

Қазақта «адам ұрпағымен мың жасайды» деген ұлағатты сөз бар. Осы теңеудің бағамымен алатын болсақ, ағаның бүгінгі ұрпақтары бір қауым елге айналды. Әбдірәш аға жұбайы Нағимамен 6 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Әбекең ағамыз бауырмал еді. Үлкейіп зейнетке шыққаннан кейін соңынан ерген туыстары, бауырлары Қызылордада Әбжан Айсаутов ағамен, Амангелді Әбзалиевпен, менімен көп араласты. Өзінің жас кезіндегі, соғыстағы, кейінгі кездердегі болған жағдайларды еске алып отыратын.

Өмірді тау өзенінің екпініне теңесең оның ағысы қатты, бұлтарысы, қалтарысы көп, игере алмасаң басың тасқа соғып жаралы боласың немесе әрі кеткенде жағаға қарай ысырып тастайды. Осы ой байламы тұрғысынан келгенде Әбекеңнің бүгінгі ұрпағы өз тағдырына қанағат сезімімен қарайды.

Ағайынмен, дос-жаранмен, құда-жекжатпен қуаныштарын бөлісіп шат-шадыман өмір сүріп жатқан жағдайлары бар.

Бұл – енді Әбдірәш Іскендіров ағамыздың бақытты ұрпақтары.

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
ҚР Ғылым академиясының академигі

Кеше «Даму» қоры аймақтық филиалында ашық есік күні өтті. Іс-шара барысында «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» бағдарламасы және «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларды несиелеу механизмі жан-жақты түсіндіріліп, дәйекті ақпарат берілді. Сонымен бірге, несие алу мүмкіндіктері насихатталды.

Sb Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

«Даму» қорында ашық есік күні өтті

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облыстық филиалы директоры Жомарт Ермағанбеттің айтуынша, мұндай кездесулер қордың клиенттерімен байланысын күшейтіп, қызмет көрсету сапасын жақсартады.

– Қор негізінен мемлекеттік бағдарламалар аясында субсидиялау және кепілдік беру құралдарымен жұмыс жасайды. Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында субсидиялау және кепілдік беру қағидалары бекітілген. Оның ішінде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында биыл қыркүйек айына дейін «Даму» қоры облыс бойынша жалпы сомасы 11,5 млрд теңгені құрайтын 546 жоба бойынша кәсіпорындарға пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түріндегі қаржылық қолдау көрсетті, – дейді Жомарт Ермағанбет.

Пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау шарттары бойынша кәсіпкерлер жобалық несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендетіп, сәйкесінше ай сайынғы төлемдерін де азайта алады. Осы бағдарлама аясында биыл «Даму» қорынан жалпы сомасы 4,4 млрд теңгені құрайтын 537 жобаға кепілдік берілген.

Кәсіпкерлер облыстағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қолдауымен жаңа өндіріс орындарын ашып, халық тұтынатын тауарлар шығаруға мықтап ден қоя бастады. Әрине, кәсіпорындар көптеп ашылып, өндіріс өркендесе қазынаға түсер қаржы да көбейеді. Сондықтан, бұл саланы жан-жақты қолдау аса қажет.

Қор қолдауының арқасында кәсібін дамытқандардың бірі – Ғалым Прекешов. Ол 2014 жылы «NP Consulting» серіктестігін құрып, елімізде алғаш болып қауіпсіздік үшін өте қажет саналатын гидрооқшаулағыш қорғаныш каскаларын шығаратын цех ашқан. Жоғары сұранысқа ие болып отырған қорғаныш каскаларының өндірісі «Даму» қорынан қолдау тауып, 2017 жылы 6%-бен несие алған.

2020 жылы өндірісті әртараптандыру үшін 14%-бен несие рәсімдеп, оның пайыздық үстемесін мемлекеттік бағдарлама шеңберінде екі есеге дейін арзандату мүмкіндігіне қол жеткізді. Сонымен қатар, кәсіпорын несие рәсімдеу барысында кепіл мүлкі жетіспеушілігі мәселесін «Даму» қорының жартылай кепілдендіру құралының арқасында шешіп отыр.

– Жаңашыл бизнес көзі өз тұтынушыларын тауып, облыс аумағында ғана емес, еліміздің барлық өңірлерінен тапсырыспен өнім шығарудамыз. Тұтынушылардың басым көпшілігі еліміздің ірі мұнай және құрылыс компаниялары, – дейді Ғалым Прекешов.

Аймағымызда «NP Consulting» сияқты қолда бар кәсіпорындарын кеңейтіп, өндірісті өркендете отырып, жергілікті тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтып отырғандар аз емес. Кәсіпкерлерге бизнеспен, өндіріспен айналысуға даңғыл жол ашып берген «Даму» қорының аймақтық филиалы бүгінге дейін облыста субсидиялау құралы бойынша 139,2 млрд теңге несие сомасына барлығы 4 246 жобаға, кепілдік құралы бойынша 48,4 млрд теңге несие сомасына 2 775 жобаға қолдау көрсеткен.

Ашық есік күні барысында кәсіпкерлер және кәсіп ашушы тұлғалар ұйым өкілдерімен тікелей кездесіп, көкейтесті мәселелеріне түсіндірме жауаптарын алды.

Суға түсу маусымы аяқталды

Суда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлар қызметі Сырдария өзені жағалауы, қала және аудан аумағында орналасқан су айдындарында рейд жұмыстарын жүргізді.

Жыл басынан бері облыста орналасқан су айдындарында 28 адам қаза болған. Құтқарушылар 8 адамды құтқарған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Бекболат Әбдіқадыров айтты.

– Облыста 4 демалыс орны бар. Тыйым салынған 16, қауіпті деп танылған 47 аумақ анықталғанымен тұрғындар аталған орындарда шомылуын тоқтатар емес. Бұл аумақта 325 ескерту тақтайшасы мен 179 билборд орнатылды, – деді ол.

Ресми мәліметтер бойынша биыл Сырдария өзенінде – 4, каналдарда – 14, «Сыр-Самалы» демалыс орнында 1, үрлемелі бассейнде 2 жазатайым жағдай тіркелді. Осыған орай төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері су айдындарында, балық аулайтын орындарда 2245 рейд өткізіп, 122057 адамға судағы қауіпсіздік шараларын түсіндірді.

– Тұрғындарға облыс аумағындағы суға шомылуға тыйым салынған аймақтар туралы тұрақты түрде ескертілді. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері мен құтқару бөлімшелерінің құтқарушылары су айдындарында, балық аулайтын орындарда рейд өткізіп, тұрғындарға судағы қауіпсіздікті түсіндіріп, ұнпарақтар таратты, – деді азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Асхат Тоғызбаев.

Жыл басынан бері «Арал-Сырдария» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен бірлесіп, облыс көлемінде заңсыз балық аулаған 253 адамға 3 млн 598 мың теңге айыппұл салынды. Сонымен бірге полиция департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп ҚР ӘҚБ туралы Кодексінің 364-бабы бойынша 30 адамға ескерту шарасы қолданылды. Аталған Кодекстің 412-бабы бойынша 1 адамға әкімшілік хаттама толтырылып, 15 315 теңге айыппұл салынды.

Сала мамандарының айтуынша облыстық білім басқармасымен бірлесіп мектеп оқушылары мен ата-аналарға судағы қауіпсіздік ережелері туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ, қала және аудандарда орналасқан электронды LED экрандар арқылы бейнероликтер көрсетілді.

«СБ» ақпарат

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Султанова Гульбану Султановна (лицензия №0002726, 08.10.2009 ж.) 2022 жылдың 20 сәуірінде қайтыс болған азаматша Ескараева Алима Сахиевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 54/24, тел.: 8-701-163-18-70.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және зейнеткерлері Сыр елінің тумасы, мемлекет қайраткері, қаржылық бақылау қазынашылық жүйелерін алғаш негізін қалаушы

Ауанов Мырзахмет Қожахметұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

2016 жылы Қызылордада қала әкімінің қолдауымен А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі жанынан «Жастар театры» құрылды. Театрдың көркемдік жетекшісі – Оңталап Нұрмаханов. Бүгінде бірнеше сахналық қойылымдар арқылы көрермен көзайымына айналған талантты жастар театр қабырғасында шыңдалуда. Шығармашылық ұжым аз уақыт ішінде облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, биіктен көрініп келеді.

Sb Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Сахнада жасындай жарқыраған



Театр ашылған жылы алғашқылардың бірі болып жас артист Айша Әбдірахманова қабылданды. Қазір ол ұжымның белді мүшесі.

Кейіпкеріміз 1993 жылы 10 қарашада Шымкент қаласында дүниеге келген. №213 мектептің табалдырығын аттап, №8 П.Осипенко атындағы қазақ-орыс мектебін бітірген. Одан кейін М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық жоғары колледжіне оқуға түсіп, актер өнері мамандығында білім алды. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде журналистика мамандығында оқыды. Университет қабырғасында білім алып жүріп, «Жастар театрында» өнер көрсетті. Бүгінде аталған театрда өзіндік орны бар талантты актрисаға айналды.

– Менің театрға деген қызығушылығым мектеп бітіргеннен кейін оянды. Анам басқа қалада оқуыма қарсы болды. 2011 жылы педагогикалық колледжде Әлима Жақыпқызы мен Хүсейн Әмір-Темір ағайдың жетекшілігімен актер өнері мамандығы ашылды. Бағымды сынап, сол мамандыққа оқуға тапсырдым. Бағыма орай аталған мамандықтың студенті атандым. Осылайша театрға деген қызығушылығым өнер әлеміне алып келді. Одан қалды әдеби кітаптарды жиі оқыдым. Ізденісті де көбейттім. Нағыз маман болуға талпындым. Нәтижесінде өзім секілді жастармен бірге өнер сахнасында қызмет етіп жүрмін, – дейді Айша Қайратқызы.

Айша – көпқырлы жан. Ол ізденуден жалықпайды. Әркез өнерін ұштап, шеберлігін шыңдауды әдетке айналдырған. Теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, сахнадан алуан қырлы адамдардың бейнесін жасаудың хас шебері. Оның өнеріндегі ерекшеліктің бірі – әрбір кейіпкердің жай-күйін айнытпай бере білетінінде. Актриса сахнада драмалық, комедиялық, трагедиялық кейіпкерлердің бейнесін айнытпай ойнайды. Әр кейіпкердің жан-дүниесіне үңіліп, сөздің ырғағы мен екпінін құбылта өзгертуі актриса шеберлігінің айғағы деуге болады. Артист үнінің тазалығы, әр сөздің мағынасын тура жеткізе білетін шеберлігі – әңгімеге арқау болатындай дүние.

– Театр табалдырығын аттаған сәтім әлі есімде. Қатты қуандым, бірақ іштей бойымды қорқыныш биледі. Сахнаның киелі екенін сол кезде түсіндім. Алғашында түрлі шеберлік сағаттарына қатысып, шыңдалдық. Елімізге белгілі мәдениет майталмандары дәріс беріп, жас артистерді сахнаның қыр-сырын меңгеруге үйретті, – дейді ол.

Айша театр сахнасында ең алғаш Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббатындағы» мектеп директорының рөлін сомдады. Мұнан кейін де түрлі қойылымда басты кейіпкерді бейнеледі. Мәселен, «Қызылорданың қыздарында» – Мәрия, «Қыз қасқырда» – Құртқа, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» қойылымында – бас шайтан, «Неге?» қойылымында – Әлима рөлдерін сомдады. Одан бөлек, театр саласы бойынша «Үздік әйел адам» номинациясын иеленіп, «ТТТ» халықаралық театрлар фестивалінің лауреаты атанды.

– Біздің театр ұжымының сыйластығы ерекше. Қыздар мен жігіттердің барлығы өнерлі. Биге де, көркемсөз оқуға да талапты, қандай рөл берсе де жауапкершілікпен орындап шығуға барын салады. Бізге ізденіс керек, көп уақытымыз кітапханада өтетінін жасырмаймын. Шығарманы бастанаяқ оқып, әр сөйлеміне мән беріп, өзімізше талдау жасаймыз. Бұл біздің қойылымды ойдағыдай алып шығуға үлкен септігін тигізеді, – деді Айша.

Сахна төрінде жасындай жарқыраған өнер иесінің табиғи талантының ұшталып, қайталанбас бейнелер жасауында театр ұжымының ықпалы зор. Олардың бәрі талапты артистің өнерін бағалап, халыққа танылуына себепкер болды. Әркез өзін жаңа қырынан танытатын өрелі өнерпазға әріптестері үлкен ризашылық білдіреді.

– Айша – ақылына көркі сай, ақжарқын жан. Ол мамандық таңдаудан мүлде қателеспеген. Нағыз сахнаның адамы. Театрға деген ықыласы ерекше. Әрбір қойылымға жауапкершілікпен қарайды. Қазір театр жанынан ашылған «Бастау» театр үйірмесіне жетекшілік етеді. Менің ойымша Айшадан тәлім алатын жандар өмірде өз орнын қалыптастыратын тұлға боларына сенемін, – дейді театр артисі Ілияс Өтетілеу.

Адамның жан дүниесін тыныштандырып, керемет сезімге бөлейтін театр ұжымының жұмысы ерен. Жас артистерден құралған өнер ордасы бүгінде біршама табысқа жетті. Қанша спектакль көрерменге жол тартты. Оның бір парасын кейіпкеріміздің сомдаған қойылымдарынан байқауға болады. Аққұба жүзді, сұңғақ бойлы актриса ақылына көркі сай нәзік қалпымен көрерменінің ыстық ықыласына бөленіп, әлі де биік белестерді бағындырады деп сенеміз.

Ернар Шымбаев, бильярдтан екі дүркін әлем чемпионы:

«Кәсібіңді сүйсең, жеңіске жетесің»

Ертеде бильярд корольдар мен императорлардың, ақсүйектердің ойыны деп саналған.

Бильярдты өте жақсы көрген 15-16 ғасырдағы Франция королі XIV Людовик пен кеңсе хатшысы Шамильяр деген ойыншы ғана қарсылас болыпты. Шын мәнінде ол күшті бильярдшы еді, сондықтан корольмен ойнағанда кейде ұтып, көбіне әдейі ұтылады екен. Король бильярдты шебер ойнағаны үшін Шамильярды әскери министр қызметіне тағайындаған.

Осынша қызығушылық тудыратын һәм жан ләззатын сыйлайтын бильярд ойыны бүгінде өз елімізде де ерекше қарқындап келе жатыр.

Бильярд әлемінің биігіне шыққан – Әлихан Каранеев, Қаныбек Сағындықов, Әуез Елубаев, Әлімбек Омаров есімдерін бұл спорт жанкүйерлері жақсы біледі. Осы сапта халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлемнің екі дүркін чемпионы Ернар Шымбаевтың да аты айрықша аталады.

Жақында Қызылордада бильярдтан өткен Қазақстан ашық чемпионатына қонақ есебінде келіп, шеберлік класын көрсеткен Ернармен біз бір-екі ауыз әңгімелесіп қалған едік.

– Ернар, әуелі өзіңді қызылордалық жұртшылыққа жақын таныстырып өтсем деймін...

– Мен 1988 жылы Қарақалпақстанның Нөкіс қаласында туғанмын. 1999 жылы үйіміз Алматы облысы Еңбекші поселкасына көшіп келді. Өзім Нөкістен құқықтану колледжін бітірдім.

Қазір бірыңғай бильярд спортымен айналысамын. Үйлі-жайлымын, биыл ұлды болып, әке атандым. Қысқаша – осы.

– Бильярд ойынына деген қызығушылығың қалай басталды?

– Бала кезімнен бильярд ойнап жатқан жігіттердің қасында жүріп, қызықтайтынмын. Ойынның сырын соларға қарап тұрып үйрендім. Бір күні мен де ойнаймын дедім. «Ойнай ғой» деп қолыма кий берді. Кий деген таяқты қолыма бірінші мәрте ұстауым, лузаға бірден алты тас аттым. Алты шарды шебер ойыншылардың өзі бір кезекте түсіре алмай қалуы мүмкін. Себебі, тақта бетіндегі шашыраған шарлар бір біріне кедергі келтіріп тоқтайды.

Сол кезде он бес жастамын. Содан бастап менің көңілім биьярдқа біржола ауды. Атаанам қолдады. Сөйтіп, 2017 жылы алғаш рет Шымкентте өткен Қазақстан чемпионатына қатыстым. Осы жерде Садирин деген кісінің көзіне түстім, ол кісі мені болашақ жақсы ойыншы болады деп танып, Алматыға барған соң үш ай дайындалдырды. Сөйтіп, бильярдтағы жолым басталды. Осыдан кейінгі жылдары бірнеше мәрте Қазақстан чемпионы болдым. 2010 жылы комбинациялық пирамида бойынша әлем чемпионатының финалында қырғызстандық Қаныбек Сағынбаевты жеңіп, жиырма екі жасымда әлем чемпионы атандым.

2021 жылы Ханты-Мансийскіде өткен әлем чемпионатында 3 дүркін әлем чемпионы Никита Ливаданы ұтып, екінші мәрте чемпион болдым.

– Жақында ғана Мәскеуде өткен «Кремль кубогы» жарысында да жеңіске жетіп, барша жанкүйерге қуаныш сыйладың. Бұл қандай жарыс, өзіңді қалай сезіндің?

– «Кремль кубогы» – әлем чемпионатымен деңгейлес жарыс. Биыл бұл жарысқа әр елден 392 спортшы қатысты. Шешуші ойындарда Қырғызстан мен Өзбекстан бильярдшыларымен кездесіп, жеңіске жеттім. Өзіме сенімді болдым.

– Өзіңді қалай сезіндің дегенім, осы ойында аяқтан шалмақшы болып, алалық танытқандар да болған сияқты...

– Ондай болды. Осы ойында бірінші орынды мен, екінші, үшінші орынды қырғыздар алды. Бұл ресейліктердің шамына тиді. Әділ төрешілік жасамайтын кездер де кездеседі. Физикалық, кәсіби тұрғыдан мықтылығың алға шыққанда, моральдық тұрғыдан тұқыртқысы келеді. Алайда, өзіңе деген сенімділік қандай кедергіден де алып шығады.

– Жалпы, бильярдшыға қандай қасиеттер керек?

– Кез келген бильярдшы математиканы, геометрияны, шахмат жүрісін жақсы білуі керек. Ойыншы өзінің ойында соғылған шарлардың қалай айналыс жасайтынын жақсы біліп тұруы керек. Миында сызба жасай алуы тиіс. Сөз жоқ, мұның бәрі әуелі жаралысынан, сосын тәжірибемен келген талант пен шеберлікке тікелей байланысты. Әрине, бильярдшы болсын, басқа болсын адами қағидаттардан аттамау керек деп есептеймін.

– Екі рет әлем чемпионы болғаныңды айттық. Осы жетістігің үшін үй, көлік деген сияқты сыйлықтар иеленген шығарсың?

– Чемпионаттың мөлшерлі сыйы болады. Бірақ, елге оралғандағы біздің сыйымызды басқа спорт түрлерінен жеңіп келгендерге көрсетілген құрметпен салыстыруға келмейді. Үй де, көлік те алғаным жоқ. 2021 жылы әлем чемпионы болып келгенімде Алматы облысының әкімі он сотық жер телімін берген. Алған үлкен сыйым сол болды. Оған ренжімеймін, жанкүйерлерімді қуанту, елдің намысын қолдан бермеу – ең үлкен сыйым.

– Қызылордадан қандай әсер алдың?

– Қызылорда – көркейіп, кеңейіп келе жатқан қала. Таза, көңіл-күйге әсер ететін көріністері көп. Адамдары ақпейіл, турашыл, қонақжай. Спорт жанашырлары, бильярд қауымдастығының басшылары Талғат Ыстықбаев, Руслан Маманов, Сейіткерей Досаев секілді азаматтар Қызылордада бильярдтан бірнеше мәрте турнир өткізді, мені қонақ есебінде шақырып тұрады. Қызылордада жақсы бильярд ортасы қалыптасқан. Бүгінде осы өңірде үш бірдей Қазақстан чемпионы бар, онан да басқа мықты ойыншыларды білемін.

Дегенмен, облыста бильярд федерациясының болмауы бұл спорттың даму жолындағы кедергілерді көбейтеді. Әсіресе қаржылық жағынан. Сондықтан, алдағы уақытта облыстық спорт басшылығы бұл мәселені қолға алуы тиіс. Ол жастардың болашағы үшін қажет. Қызылордадан әлем чемпиондарының шығу мүмкіндігі зор. Жастар өте талантты. Оларға қолдау керек-ақ.

– Бильярдтан басқа не кәсіппен айналысасың. Алда қандай жоспарлар бар?

– Қазір өзім жаттықтырушымын. Жастарды бильярд спортына баулып жатырмын. Өзіңнің сүйікті ісіңнен жеген наннан тәтті ештеңе жоқ.

Биыл қарашада Орынбор қаласында кезекті әлем чемпионаты басталмақ. Оған дейін, 20 қыркүйекте ішкі біріншілік өтеді.

Менің назарым – сол ойындарда тұр. Жеңіп, жанкүйерлерімді қуанту – басты мақсатым.

– Жеңісің жеңіске ұлассын, ел мерейін асыра бер, Ернар. Қазақтың намысын көтеріп жүретін шәкірттерің көп болсын!

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Трилогия: Головкин – Канело

Әлемдік аренада қазақтың атын шығарған бір спортшы болса, ол – Геннадий Головкин. Әуесқой боксқа кәсіпқой боксқа ауысқан «сары қазақ» өзінің бүгінгі дейінгі жекпе-жектерінде «мен» деп кеуде соққан «талай мықтының» мысын басты.

Sb Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Шапшаңдық. Мінез. Еңбек. Осы қабілеттердің арқасында Гена өзімен жұдырық түйістірген қарсыластарын бірінен соң бірін сұлата берді. 10 жыл бойы жеңілістің кермек дәмін татпады. Бір кездері «GGG-ді шаршы алаңда өлтіріп сабаймын. Ал оның жанкүйерлері оның жаназасына келеді» деп те есіріп мәлімдеме жасағандар болған. Алайда жымысқы ойлары жүзеге аспады. Айтпағымыз бұл емес, бүгінгі әңгімеміз Геннадийдің жолында үлкен бөгетке айналған мексикалық Канело және олардың үшінші, біздіңше, шешуші жекпе-жегі жайында.

Отандасымыз бен Америка құрлығының мақтанышы Сауль Альварес арасындағы үшінші жекпе-жек ақыры болатын болды. Сәтін салса, үшінші кездесу 17 қыркүйек күні АҚШ-тың Лас-Вегас қаласындағы T-Mobile Arena спорт кешенінде өтеді.

Өткенге оралайық. Қос боксшы да бұл трилогияға дейін бір реттен басқа былғары қолғап шеберімен жұдырық түйістірді. Геннадий жапониялық Риота Муратаны жеңсе, ал Канело ресейлік Дмитрий Биволға есе жіберді. Енді әлем назары трилогияға ауып отыр. Американдық бокс сарапшыларының мәліметінше, бұл соңғы онжылдықтағы ең мықты спорт кешінің жетілігіне енбек.

Алғашқы кездесуде екі мықты тең түсті. Төрешілер ұйғарымы шешуші рөл ойнаған екінші айқас мексикалықтың пайдасына шешілді. Екі боксшы арада үзіліс алып, бірнеше жылда шаршы алаңға қайта оралды. Екеуі де оралған соң жанкүйерлеріне әдемі шоу көрсетті. «Сары қазақ» Польшаның мақтанышы Камил Шереметаны мерзімінен бұрын жеңді де, 2020 жылды сәтті қорытындылады. Ал Канело британиялық Каллум Смитті ұпай басымдығымен жеңді. Кездесуден соң қос боксшы мәлімдеме жасап, промоутерлер екеуіне де тиімді тәуір ұсыныс жасаса, трилогияға қарсы емес екендіктерін айтып қалды. Осы мәлімдемеден соң арада тағы бір жыл өтті. Бұл аралықта Гена украиндық боксшы Деревянченко мен канадалық Стив Роллсты жеңді. Ал Альварес ұлыбританиялық Рокки Филдинг, Билли Джо Сондерс, американдық Даниэл Джейкобс, Калеб Плант, түркиялық Авни Ыылдырым және ресейлік Сергей Ковалёвпен жұдырық түйістіріп, бәрінде жеңіс тойын тойлады.

Осыдан кейін Канело Генамен үшінші рет жекпе-жекке шықпайтынын айтты. Дегенмен мексикалық боксшы тек бір жағдайда ғана қазақ боксшысымен кездесуге қарсы еместігін жасырмаған. Ол өз ойындағыдай миллион долларлық ұсыныс керек деп ашып айтты.

Әрине, трилогия боксшылардың қайсысына тиімді не тиімсіз деген сұрақтың айналасында көптеген сарапшылар, жанкүйерлер пікірлерін айтты. Мәселен, американдық TALKsport порталының редакторы Майкл Бенсон GGG мен Канело арасындағы үшінші жекпе-жек қызықты өтетініне сенімді.

«Геннадий Головкин мен Сауль Альварес рингке бір уақытта оралды. GGG де, Альварес те қарсыластарына мүмкіндік бермей келеді. Бірақ Гена жыл өткен сайын үлкейіп, баяғыға қарағанда күші сарқылуда. Ал Альварес болса тиісінше, жыл санап күшіне күш қосуда. Тек Биволдан жеңілгенін қоспасақ. Алдағы үшінші жекпе-жекте Головкинге өте қиын болады. Қорыта келгенде, қос боксшы арасындағы үшінші кездесу тек қаржылық жағдай үшін өтпек. Бұл менің – жеке пікірім. Биыл DAZN платформасының ең негізгі жекпе-жегі – GGG мен Канело арасындағы трилогия. Өйткені бұл шоуды өткізу жалғыз боксшыларға ғана емес, платформа мен промоутерлерге де пайдалы» дейді Бенсон.

Ашық ақпарат көздерін шолып шығып едік, біраз сарапшының пікірі осыған саяды. Бұған дейін қалай болды? Жанкүйерлердің басым көпшілігі қос боксшының арасындағы екі айқастың қорытындысы бойынша есеп тең болды деп есептейді. Себебі алғашқы бәсекеде отандасымыздың басым болғанын айтады. Міне, осыдан кейін қайсысының шын мәнінде мықты екенін анықтау үшін, бір жағы спорт жанкүйерлерінің арасында күмән қалмауы үшін бәрібір шешуші кездесу керек еді.

Мақала басында қос боксшының қаржы мәселесіне байланысты кездесуді кейінге шегеріп келгенін айттық. Алайда былтыр ортақ келісімге келіп, 70-30 болып, ақша мәселесі шешілді. Осы кезде барып қос тарап, келісімге келді. Әрине, бұл келісім қаржы жағынан Головкин үшін тиімсіздеу, дегенмен, промоутерлердің дегені болады. Өйткені ұйымдастыратын солар. Оның үстіне айқас бір аптадан соң, жоғарыда айтқанымыздай, АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өтеді.

Жанкүйерлерді алаңдатқан бір нәрсе – кім жеңеді деген сауал. Бұл енді шын айқас бола ма әлде астарында долларлық келісім жатыр ма, оны трилогия барысында көретін боламыз. Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24813 Тапсырыс №1504 | Кезекші редактор **Ақтілек БІТІМБАЙ**